

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ
ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ И
МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА



МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
«Мәдениетаралық коммуникация және тілдер мен мәдениеттерді
функционалды-прагматикалық зерттеу»
тақырыбында республикалық дөңгелек үстел
15 сәуір, 2021 ж.



СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
республиканского круглого стола на тему
«Межкультурная коммуникация и функционально-прагматические
исследования языков и культур»
15 апреля 2021 г.



REPUBLICAN ROUND TABLE MATERIALS
“Intercultural communication and functional-pragmatic studies of
languages and cultures”
April 15, 2021



Алматы, 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ
ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ И МИРОВЫХ
ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА**



МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

**«Мәдениетаралық коммуникация және тілдер мен мәдениеттерді функционалды-
прагматикалық зерттеу»**

тақырыбында республикалық дөңгелек үстел
15 сәуір, 2021 ж.

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

республиканского круглого стола на тему

**«Межкультурная коммуникация и функционально-прагматические исследования
языков и культур»**

15 апреля 2021 г.

REPUBLICAN ROUND TABLE MATERIALS

“Intercultural communication and functional-pragmatic studies of languages and cultures”

April 15, 2021

Алматы, 2021

УДК 80/81

ББК 81.2

С 23

*Рекомендовано к изданию Ученым Советом Казахского университета международных отношений
и мировых языков имени Абылай хана
(Протокол № 9 от 28 апреля 2021 года)*

Рецензент:

Ермагамбетова А.С. – к.ф.н., профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана

Составители: д.ф.н., профессор Исмагулова Б.Х., магистр, ст. преп. Саймкулова Ш.О.

С 23 Сборник материалов республиканского круглого стола на тему «Межкультурная коммуникация и функционально-прагматические исследования языков и культур» (15 апреля 2021 года) – Алматы, «Полилинга»: КазУМОиМЯ, 2021. – 88 стр.

ISBN 978-601-270-473-0

Цель республиканского круглого стола «Межкультурная коммуникация и функционально-прагматические исследования языков и культур» - раскрыть многообразие функциональных аспектов межкультурной коммуникации и акцентировать внимание на проблемах перевода и переводоведения в современных условиях междисциплинарной интеграции и глобализации образовательного процесса.

В сборнике материалов представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми исследователями.

Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

УДК 80/81

ББК 81.2

ISBN 978-601-270-473-0

© КазУМОиМЯ имени Абылай хана, 2021

МАЗМҰНЫ/CONTENT/СОДЕРЖАНИЕ

Куркимбаева А.М. Аударма және филология ғылымдарындағы жаңа зерттеу бағыттары	4-6
Блашова Н.Д. Академиялық дискурс аудармасының лингвокогнитивтік қырлары	7-11
Ашетаева М.Д. Лингвокультурологические аспекты лакун в политическом дискурсе и их перевод	11-15
Тәжібаева Д.С. Стратегии передачи имплицитности в переводе медийного дискурса	15-20
Мұратова Н.Б. Аударма кезіндегі реалияларды аудару мәселесі	20-23
Даденов Т.М. Национальный колорит через призму математического анализа	24-30
Қайбұлла Р.Б. Прагматикалық қатынастың аудармағы көрінісі	31-33
Самигуллина Н.Р., Аубакирова А.К. Concerning the linguistic and stylistic peculiarities of translating political discourse based on speeches of American and British politicians	34-37
Ораз Б.Е. Mistakes of translation and localization of video games	37-40
Тулинова В.С. Лингвокультурологические аспекты концепта “drinking”	40-44
Тилвалдиева Н.Е., Махпиров В.У. Slogans as means of advertising and their influence on human consciousness	44-48
Маханбеталиева Т.С., Баимбетова А.П. Политические метафоры в инаугурационных речах президентов США Дональда Трампа и Джо Байдена	48-56
Қайрат Г.Д. Мәдениетаралық коммуникациядағы тілдік бірліктердің прагматикалық маңызы	56-60
Ағыбай А.Ә. Фразеологизмдерді зерттеудің танымдық аспектісі	60-63
Бигожаева А.Б. Прагматилистический аспект фразеологизмов в политическом дискурсе	64-68
Тухтабаева У.Т., Махпиров В.У. Stereotypes’ frightening strength – and how to deal with them	68-71
Қыдырәлиева Б.Н. Лингвокультурные и когнитивные аспекты перевода	71-76
Рысбек А.Ж. Туыс емес тілдер арасындағы аудармада гендерлік айырмашылықтар	76-79
Мырзахмет М.М. Медиа дискурс: жаңалықтарды аудару мәселелері	80-86

АУДАРМА ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ ЖАҢА ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ

Куркимбаева А.М., PhD, аға оқытушы

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы,
Қазақстан
aizhan--k@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада аударма және филология ғылымдарындағы жаңа зерттеу бағыттары қарастырылады. Автор цифрлық технологиінің дамуына байланысты адресаттарды филология саласында блог-дискурс, туристік блогинг және аударма ісі бойынша аудиовизуалды аударма сияқты өзекті тақырып аясында ғылыми ізденістердің бүгінгі таңда зерттеу заман талабына сай келетіндігінен хабардар етеді. Автордың пікірінше блог-дискурс – коммуниканттардың өзара әрекеттесуін жеңілдететін және ортақ мүдделері мен мамандықтары бойынша пікірлесе алатын кеңістік. «Блог» – әдеби және желілік жанр гибриді. Мақалада автор «туристік блогинг» түсінігіне анықтама береді. Сонымен қатар аталмыш мақалада автор аудиовизуалды шығарманы аудару және оның локализациясы мен транскреациясы мәселесін зерделейді. Аударманың синергетикалық моделі шеңберінде техникалық, маркетинг және экологиялық мәтін аудармасын зерттеу мәселесі де мақалада қарастырылады.

Түйін сөздер: ақпараттық технология, мәдениетаралық коммуникация, антропоцентристік парадигма, жаңа бағыттар, блогинг, туристік блогинг, аудиовизуалды аударма, адресаттар.

НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИССЛЕДОВАНИЙ В ПЕРЕВОДЧЕСКИХ И ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ НАУКАХ

Куркимбаева А.М., PhD, старший преподаватель

Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы,
Казахстан
aizhan--k@mail.ru

Аннотация. В статье рассматриваются новые направления исследований в переводческой и филологической науках. В связи с развитием цифровых технологий автор информирует адресатов, что научные изыскания в области филологии в рамках таких актуальных тем, как блог-дискурс, туристский блогинг и аудиовизуальный перевод по переводческому делу сегодня отвечают современным требованиям исследования. По мнению автора, блог-дискурс – это пространство, которое облегчает взаимодействие коммуникантов и позволяет им общаться по общим интересам и профессиям. «Блог» – гибридный литературный и сетевой жанр. В статье автор дает определение понятию «туристический блогинг». Кроме того, в данной статье автор изучает вопросы перевода аудиовизуального произведения, его локализации и транскреации. В рамках синергетической модели перевода в статье также рассматривается проблема изучения перевода технического, маркетингового и экологического текста.

Ключевые слова: информационные технологии, межкультурная коммуникация, антропоцентрическая парадигма, новые направления, блогинг, туристический блогинг, аудиовизуальный перевод, адресаты.

NEW RESEARCH DIRECTIONS IN TRANSLATION AND PHILOLOGICAL SCIENCES

A.M. Kurkimbayeva, PhD, Senior Lecturer

Kazakh University of International Relations, and World Languages after
Ablai khan, Almaty, Kazakhstan
aizhan--k@mail.ru

Abstract. The article deals with new directions of research in the translation and philological sciences. In connection with the development of digital technologies, the author informs the addressees that scientific research in the field of philology in the framework of such topics as blog-discourse, travel blogging and

audiovisual translation today meets the modern requirements of research. According to the author, the blog-discourse is a space that facilitates the interaction of communicants and allows them to communicate on common interests and professions. “Blog” is a hybrid of a literary and online genre. In the article, the author defines the concept of “tourist blogging”. Furthermore, the author highlights the importance of translating audiovisual work, its localization and transcreation. The article also considers the importance of studying the translation of technical, marketing and environmental texts within the framework of the synergetic model of translation.

Keywords: information technologies, intercultural communication, anthropocentric paradigm, new directions, blogging, travel blogging, audiovisual translation, addressees.

Ақпараттық технологиялардың дамуы мен әлемдік ғылыми қауымдастықтың арасындағы ынтымақтастық пен байланыстың тығыз қатынасы бізді филология және аударма ғылымының қай бағытта дамып бара жатқанынан хабардар етеді. Әрине бұл бағыттардың барлығы тұлғаға бағытталған антропоцентристік арна аясында жүзеге асуда.

Бүінгі цифрлық технологияның қоғамда қарыштап дамып жатқан уақытында, кез келген адам өзінің күнін тәңертеңгісін ұялы телефонынан Инстаграм немесе Фейсбук әлеуметтік желісіне кіріп, жаңалықтарды оқудан бастайды. Бұрын дәстүрлі медиа, яғни бқаралық ақпарат құралдары газет, журналдардан жаңалықтарды оқу танымал болса, заманауи қоғамда тұлғалардың виртуалды коммуникацияға етене бет бұрғанын байқаймыз. Бұл бүінгі қоғамның ақиқаты. Виртуалды коммуникацияның кемшілік тұстарын сөз қылып дабыл қаққанымызбен, бұл құбылысты тоқтату мүмкін емес. Канадалық философ, филолог ғалым М.Маклюэн электронды байланыс құрылғылардың адам мен қоғамға ықпал ететінін өзінің «жаһандық ауыл» концепсиясымен түсіндірді [1]. Ғалымның осы концепсиясы іске асуда. Ұлттық мәдениет классикалық, дәстүрлі шекарасынан шығып, виртуалды әлемге өту кезеңін бастан кешуде.

Лингвистиканың ғылым ретінде дамуына сүбелі үлес қосқан неміс ғалымы Вильгельм фон Гумбольдт «тіл үнемі дамуда болады» деген идеяны ұсынды [2]. Олай болса тілдің ғаламтордағы дамуын зерттеу бүінгі күні филологтардың алдында тұрған міндет.

Жиырма бірінші ғасырдың алғашқы онжылдығы әлемде интернеттің технологиялық, ақпараттық және мультимедиялық қолданыс аясының кеңеюімен ерекшеленді. Web 2.0 дәуірі кезеңінде кез келген коммуникант өз медиа хабарламасын жасауға мүмкіндік беретін мәдениетке ие болып, жаңа медиа феномені болып табылатын интерактивті коммуникативтік алаң – блогинг жемісін көре бастады. Блогинг платформасын ақпараттық қоғамның барлық салаларына қолдану кең үрдіске айналды. Блог тұғынамасындағы тілдік қолданыстың адресаттарды иландыру әлеуеті мен прагматикасын зерттеу сияқты бағыттар отандық филология ғылымында өзекті болып отыр.

Туристік өндірістің халықаралық сауда сегментіне айналуына байланысты, туризм коммуникациясы бұқаралық сипатқа ие болды. Туризм саласының серпінді дамуы туристік блогингті арнайы сөйлеу әрекеті ретінде зерттеуге бағытталған лингвистикалық зерттеулердің пайда болуына ықпал етуде.

Осы саяхат блогтарындағы тілдің қолданысын зерттеу бүінгі күн талабынан туындап отыр. Қазіргі таңда туризмнің дамуы көбінесе ғаламдық желі арқылы іске асырылуда. Туризм мамандары өз өнімдерін әлеуметтік желіде оңай жарнамалай алады. Туристер әлемнің кез келген жерінен өз демалыстарын тиімді ұйымдастыра алады. Осы туристік блогтардағы адресант пен адресат арасындағы тілдік коммуникацияның қалай іске асатынын зерделеу де өзекті. Өйткені туристік блогингтің өзіне тән сөйлеу стилі мәлімет алушылардың сенімді атмосфераға енулеріне және жақын, жылы қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Туристік блогинг мәдениетаралық коммуникацияны қамтиды, сондықтан блогтардағы туристік мәтіндер мен посттар әртүрлі халықтың ұлттық болмысына қатысты ерекшеліктерді білдіреді.

Куркимбаева А.М. зерттеу жұмысында туристік блогингтің жан-жақты сипаты анықтап, лингвопрагматикалық тұрғыдан туристік блогингте адресаттың интенциясын жүзеге асыратын коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде кешенді түрде талдап, туристік блог-дискурстағы тілдік қолданысты зерттеген отандық ғылымда алғашқы еңбектердің бірі. Зерттеуші туристік блогингке медиа, жарнама, PR,

маркетингтік және туристік дискурстардың тоғысуында пайда болған гибриді дискурс түрі деген анықтама береді [3].

Еліміздің кинематография саласындағы мәдениетаралық диалогы мен сыртқы экономикалық байланыстарының белсенді дамуы аударма мамандығы бойынша тіл мамандарының алдына аудиовизуалды аударманы зерделеу және олардың аудару стратегияларын анықтау секілді жаңа міндеттерді қойды. Аталмыш бағыт бүгінгі күні Еуропада, АҚШ-та және Қытайда белсенді дамып келе жатқан лингвистикалық зерттеу бағыты болса, Қазақстанда ғылыми білімнің жаңа саласы. Аудиовизуалды мазмұнның едәуір көлемін жарнамалар, театр қойылымдары, ойындар, ток-шоулар, қысқа вайндар, стористар және т. б. құрайды.

Жаһандану нәтижесінде, жаңа ақпарат көздері аудиовизуалды туындыларды тұтынушы – көрермендер аудиовизуалды өнімдерді аудару сапасына жоғары талаптар қояды. Екіншіден, аудиовизуалды туындылардың көптеген жаңа түрлері пайда болады. Адресаттар бір уақытта бірнеше платформаларда орналасқан трансмедиялық жобаларды көруді сәнге айналдырды. Адресаттар көбінесе мобильдік құрылғыларды пайдалана отырып фильмдер, сериалдар және телебағдарламаларды көруді жөн көреді. Осындай өзгерістер аудиовизуалды аудармашыларға жаңа міндеттер қояды, мысалы, мүмкіндігі шектеулі тілдік тұлғаларға арналған аудармалар: аудиодескрипциялар, субтитрлер жасау және, аударманың жаңа түрлерін жүзеге асыру стратегиясын әзірлеуді, жаңа жағдайларда жұмыс істеу дағдыларын дамытуды, аудиовизуалды аударманы оқытудың инновациялық әдістемелерін әзірлеуді талап етеді. Аудиовизуалды шығарманы аудару және оның локализациясы мен транскреациясы болашақ магистранттар мен жас ғалымдардың арасында теориялық пайымдауды қажет ететіні сөзсіз.

Транскреация немесе қарапайым түрде бейімделу дегеніміз – белгілі бір адамдар тобына олардың “тілінде” сөйлеу үшін жасалған мәтіннің шығармашылық аудармасы. Әдетте оған шетелде серіктестері бар компаниялар жүгінеді. Мұндай процесс олар ынтымақтасатын елдің менталитетіне сәйкес байланыс орнату үшін қажет.

Бүгінгі таңда отандық аударматануда аудиовизуалды аударма қатысты жауаптардан гөрі сұрақтар көп. Бұл факт аудиовизуалды аударманың ерекше құбылыстарын зерттеуге өз үлесін қосқысы келетін тәжірибелі зерттеушілер мен жас ғалымдар үшін үлкен перспективалар болып табылады.

Бүгінгі таңда ғылым аударма саласы бойынша жаңа тенденцияларға, атап айтқанда ғылыми қызығушылық векторының аудармашылықтың лингвистикалық бағыттылығынан әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік тәсілдерге ауысуымен ерекшеленеді. Мәдени контексті, тарихты, әлеуметтік жағдайларды ескеру қажеттілігі ғалымдарды зерттеу нысанын жаңа көзқараспен қайта қарауларына алып келуде.

Шетелдік зерттеушілер техникалық және экологиялық мәтіндерде қолданылатын аударма стратегияларын зерттеу де аударма ғылымының нысаны ретінде қарастыра бастады.

Аударманың синергетикалық моделі шеңберінде техникалық мәтінді аудару кезінде тілаларлық және мәдениетаралық вариативтілікті зерттеу бағыты да өзекті болып отырғандығын байқауға болады. Техникалық аударманың ерекшелігін синергетикалық аударма моделі тұрғысынан қарастыру Ресей ғалымдарының еңбектерінде жарық көрді [4].

Қорытындылай келе, тілдік қолданыс үнемі даму үстінде болатын құбылыс болғандықтан әлеуметтік желідегі тілдік қолданыс және аударманы синергетикалық тұрғыдан зерттеу жаңа белеске шықты.

ӘДЕБИЕТ

1. McLuhan M. The Gutenberg Galaxy: creation of man print culture. Moscow, 2003.
2. *Избранные труды по языкознанию*. Автор: Вильгельм фон Гумбольдт. М.: Прогресс, 2000.
3. Куркимбаева А.М. Туристтік блогинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 2021. – 130 б.
4. Кушникова Л.В., Гейхман Л.К., Неганова А.О. Межъязыковая и межкультурная вариативность при переводе технических текстов: синергетический подход // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 1.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ДИСКУРС АУДАРМАСЫНЫҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК ҚЫРЛАРЫ

Блашова Н.Д., 3 курс PhD докторанты

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан
bnd_10@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақала жаһанданған білім заманында өзекті болып табылатын академиялық дискурс пен оның аудармасын зерделеуге арналған. Академиялық дискурс – ғылыми қатынас пен педагогикалық қатынастың синтезі негізінде пайда болып, білім беру саласының мазмұнын құрайтын ғылыми білім мен оны білім алушыға жеткізудегі күрделі коммуникативтік құбылыс. Оған қатысушы коммуникация мүшелері – білім жеткізуші мен білім қабылдаушы – әлеуметтік статусы бар топтың, яғни институттың, өкілі ретінде институционалды қатынас құрады. Институционалды қатынас коммуниканттардың әлеуметтік рольдері, қызметі, сөйлеуші ме әлде сөйлеуді қабылдаушы ма, коммуникациядағы мақсаттарына байланысты сөйлеу әрекеттері белгілі ережелерге бағынады. Сондықтан академиялық дискурс ғылыми, саяси, экономикалық, педагогикалық, медициналық, заңнамалық, іскери, медиа т.б. институционалды дискурстар жүйесіне кіреді. Академиялық дискурстың ерекшеліктері мен аударматанудың заманауи парадимасына сай когнитивтік-дискурстық аударманың артықшылықтары қарастырылған. Аударманы қазіргі кезде түсіну тілдік қатынасты когнитивті тұрғысынан зерттеуге байланысты және оның пәнаралық сипатына байланысты аударма кезінде шет тілі мәтінінің мағынасын түсіну және беру механизмдерін түсіндіруде айтарлықтай әлеуетке ие. Сонымен, бүгінде кез-келген аударма тек тілден тілге аудару яғни таза «лингвистикалық трансфер» ғана емес, ол бір тілдік кодтан екіншісіне ауысудан асып түседі және мәні бойынша екі әлемнің көріністері арасындағы ымыраға келу, басқаша айтқанда мәдениеттерді аудару, мәдени тұрғыдан анықталған мәтіндерді құру болып табылады.

Түйін сөздер: дискурс, академиялық дискурс, аударма, когнитивті, дискурсивті

ЛИНГВОКОГНИТИВНЫЕ АСПЕКТЫ ПЕРЕВОДА АКАДЕМИЧЕСКОГО ДИСКУРСА

Блашова Н.Д., докторант PhD 3 курс

Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан
bnd_10@mail.ru

Аннотация. Данная статья посвящена исследованию академического дискурса и его переводу, что актуально в эпоху глобализации знания. Академический дискурс - сложное коммуникативное явление, возникающее на основе синтеза научно-педагогических отношений и составляющее содержание области образования, научного знания и его передачи студенту. Участвующие в нем члены коммуникации – преподаватель/педагог и студент/получатель образования - образуют институциональные отношения как представитель группы с социальным статусом, то есть института. Институциональная коммуникация в зависимости от социальных ролей и деятельности коммуникаторов, будь то говорящие или принимающие речь, речевые действия подчиняются определенным правилам. Таким образом, академический дискурс включает в себя научный, политический, экономический, педагогический, медицинский, законодательный, деловой, медиа и т.д., и входит в систему институциональных дискурсов. Рассмотрены особенности академического дискурса и преимущества когнитивно-дискурсивного перевода в соответствии с современной парадигмой переводоведения. Современное понимание перевода обладает значительным потенциалом для объяснения механизмов понимания и передачи значения текста на иностранном языке при переводе благодаря когнитивному изучению языковой коммуникации и ее междисциплинарному характеру. Таким образом, любой перевод сегодня - это не просто чистый «лингвистический перенос» с одного языка на другой, он выходит за рамки перехода от одного языкового кода к другому и, по сути, является компромиссом между двумя картинками мира, другими словами, перевод культур, создание текстов, определяемых культурой.

Ключевые слова: дискурс, академический дискурс, перевод, когнитивный, дискурсивный

LINGUOCOGNITIVE ASPECTS OF ACADEMIC DISCOURSE TRANSLATION

Blashova N., 3 year PhD student

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan
bnd_10@mail.ru

Abstract. This article is devoted to the study of academic discourse and its translation, which is relevant in the era of knowledge globalization. Academic discourse is a complex communicative phenomenon that arises on the basis of the synthesis of scientific and pedagogical relations and constitutes the content of the field of education, scientific knowledge and its transfer to the student. The communication members participating in it are teacher / educator and student / educational recipient - form institutional relations as a representative of a group with a social status, that is, an institution. Institutional communication, depending on the social roles and activities of communicators, whether they are speaking or receiving speech, speech actions are subject to certain rules. Thus, academic discourse includes scientific, political, economic, pedagogical, medical, legislative, business, media, etc., and is part of the system of institutional discourses. The features of academic discourse and the advantages of cognitive-discursive translation in accordance with the modern paradigm of translation studies are considered. The modern understanding of translation has significant potential for explaining the mechanisms of understanding and conveying the meaning of a text in a foreign language during translation due to the cognitive study of linguistic communication and its interdisciplinary nature. Thus, any translation today is not just a pure “linguistic transfer” from one language to another, it goes beyond the transition from one language code to another and, in fact, is a compromise between two pictures of the world, in other words, a translation of cultures, the creation of texts defined by culture.

Key words: discourse, academic discourse, translation, cognitive, discursive

Тіл білімінде XX-XXI ғасырлар тоғысқан мерзімде «дискурс» ұғымы өзектілігімен кең етек алып, зерттеушілердің қызығушылығын арттырды. Бұл тұрғыдағы зерттеу жұмыстары бірте-бірте жүргізілгендіктен, оның негізгі ұғымдары бірқалыпты анықталмаған. Осылайша, мәтіннің күрделі де көпқырлы мағынасы және оның дискурс түсінігімен байланысы анық ажыратылмаған. Заман өзгерісімен, қоғамның жаңа салалары мен жаңа лингвистикалық ұғымдардың енуі дискурс типологиясын тұрақты бірізділікке алып келмеді. Қазіргі таңда өзекті мәселе дискурс ұғымын грамматикалық, психологиялық, когнитивтік, коммуникативтік, стилистикалық, семантикалық аспектісі тұрғысынан қарастыру болып отыр.

Ғылым және білім берудің мәні мен маңызы артуы тіл білімінде жаңа ұғым және оның атауы ретінде «академиялық дискурс» деген термин әкелді. бірге қолданысқа ие болған «академиялық дискурс» термині тез арада зерттеулерде орын алып, белсенділік танытқанымен, оның мазмұны мен дискурстық ерекшеліктері тереңірек, кешенді түрде қарастыруды қажет етеді. Себебі бұл терминдік тіркестің құрамындағы екі сөздің екеуі де тереңірек талдауды талап етеді.

Дискурс тек тіл білімінде ғана емес, сонымен қатар философия, этнография, әлеуметтану, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика сияқты салалас ғылымдарда өзектілігімен қызығушылық танытып, дискурс теориясының қалыптасуына алып келді. Оған арналған көптеген зерттеулер Т.А. Ван Дейктің «...дискурс – мәтіннен басқа оны түсінуге қажет экстралингвистикалық факторларды (сөйлеушінің әлем туралы білімі, көзқарас, мақсаттары) қамтитын күрделі коммуникативтік құбылыс» – анықтамасына негізделген болса да [1, б.7], даму барысында дискурс күрделі ұғым болғандықтан, оның түрлі қырлары, түсініктеме, жіктемелері де пайда болды. Оларды кейінірек арнайы қарастырамыз.

Көпмағыналы, көпқырлы «дискурс» терминінің анықтамалары мен жіктемелері де аз емес. Солардың бірі, ресейлік ғалым В.И. Карасик дискурс зерттеулерін үш топқа бөледі: а) оның өзіне ғана тән белгілерге назар аударатын имманентті-лингвистикалық талдау, ә) әлеуметтік факторларға мән беріп, ескеретін әлеуметтік-лингвистикалық талдау және б) сөйлеушінің коммуникативтік мақсатына негізделетін прагмалингвистикалық талдау [2, С.199]. Әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан қарағанда, дискурстың екі негізгі түрін ажыратуға болады. Олар жеке тұлға ретіндегі қатынас құрса, «персоналды» және қатысушылар белгілі қоғам топтарының өкілі ретінде қатынас құрса, «институционалды» болып бөлінеді.

Академиялық дискурс – ғылыми қатынас пен педагогикалық қатынастың синтезі негізінде пайда болып, білім беру саласының мазмұнын құрайтын ғылыми білім мен оны білім алушыға жеткізудегі күрделі коммуникативтік құбылыс. Оған қатысушы коммуникация мүшелері – білім жеткізуші мен білім қабылдаушы – әлеуметтік статусы бар топтың, яғни институттың, өкілі ретінде институционалды қатынас құрады. Институционалды қатынас коммуниканттардың әлеуметтік рольдері, қызметі, сөйлеуші мен әлде сөйлеуді қабылдаушы ма, коммуникациядағы мақсаттарына байланысты сөйлеу әрекеттері белгілі ережелерге бағынады. Сондықтан академиялық дискурс ғылыми, саяси, экономикалық, педагогикалық, медициналық, заңнамалық, іскери, медиа т.б. институционалды дискурстар жүйесіне кіреді.

Институционалды дискурс ретінде академиялық дискурс келесі оны құрайтын конститутивтік белгілермен сипатталады: дискурста қатысушылар, мерзімі, өтетін орны, мақсаты, құндылықтары, стратегиялары, материалы, түрлері, жанрлары, прецеденттік бірліктер мен дискурсивтік формулалары [2, с. 209].

Академиялық дискурстың (және жалпы ғылымның) ерекшелігі - «белгілі ескі білім, автордың жаңа және болжамды білім» үштігінің болуы. Академиялық / ғылыми мәтіннің құрылымы өзінің коммуникативтік мақсатына байланысты дискурстың басқа түрлерінен ерекшеленеді және «танымдық кезеңдердегі ғылым субъектісінің танымдық іс-әрекетінің құрылымын көрсетеді: проблемалық ситуация / проблема - гипотеза – гипотезаны дәлелдеу - қорытынды» [3].

Британдық лингвист К.Хайланд академиялық дискурсты «тәртіптік» және «ғылыми» түсініктері арқылы анықтайды. К.Хайландтың айтуы бойынша академиялық дискурс арнайы білімнің пайда болуы үшін шындықты түсіндіру мақсатында лексикалық, грамматикалық, риторикалық ресурстарды пайдаланады. Ғылыми білім – бұл ғалымдар тобының, қауымдастықтың меншігі. Бұл пікірталастар, кездесулер және т.б. нәтижесінде туындаған жағдайлардың нәтижесі.

Ғылыми және педагогикалық дискурстарға өте жақын болғанымен, академиялық дискурс институционалды дискурстар арасында өзінің жеке статусы, орнымен сипатталады.

Интеграциямен белгіленетін жаһандану заманында академиялық дискурстың қажеттілігі мен өзектілігі айқын көрінуде, себебі ол әр қоғамның келешегіне зор әсер ететін білікті маман дайындаумен тікелей байланысты. Қазіргі әлемдегі жаһандану процестері өмірдің әртүрлі салаларындағы көптеген интеграциялық құбылыстармен бірге білім мен ақпарат берудің құралы болып табылатын аударма рөлінің күрт өсуіне әкелді, кез келген мемлекет үшін иелік ету – оның әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігінің факторы болып табылады. Қазіргі әлемдегі жаһандану процестері өмірдің әртүрлі салаларындағы көптеген интеграциялық құбылыстармен бірге білім мен ақпарат берудің құралы болып табылатын аударма рөлінің күрт өсуіне әкелді, кез келген мемлекет үшін иелік ету – оның әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігінің факторы болып табылады. Осыған байланысты, қазіргі уақытта Қазақстанда «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының бір бөлігі болып табылатын «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының аясында әлемнің үздік университеттері оқулықтарының қазақ тіліне аудармасы жүзеге асырылуда [11]. Соның қатарында келесі әлемге танымал оқулық пен оқу құралдары Anthony John Patrick Kenny. A New History of Western Philosophy (Volume 1) Ancient Philosophy – «Антика философиясы», N. Gregory Mankiw, Mark P. Taylor. Economics 4th edition – «Экономика», David Bordwell, Kristin Tomphson, Jeff Smith Film Art: An Introduction 11th Edition – «Кино өнеріне кіріспе», С.Тер-Минасова. Язык и межкультурная коммуникация – «Тіл және мәдениетаралық қатынас» т.б. қазақ тіліне аударылып, өз оқырман тұтынушысына жетуде.

Бұл дереккөздер тек өзінің алғашқы (тікелей) қызметімен ғана емес, сонымен қатар академиялық дискурс аудармаларының ерекшеліктерін анықтауға да мүмкіндік береді. Ол үшін ең алдымен дискурсты аударудың мәтін аударудан қандай айырмашылықтары бар екеніне назар аударсақ, олар, әрине, дискурстың көпқабатты, көпқырлы құбылыс болуынан туындайды. Нақты айтқанда, дискурсты құрайтын үш қыры: лингвистикалық (тіл бірліктерін қолдану) когнитивтік (ақпаратты, білімді, ойды жеткізу) және интерактивтік (тілдік қатынастағы қатысушылардың өзара әрекеттесуі) – аудару барысында өз көрінісін табады. Оларды екінші тілде түпнұсқаға релевантты

сай жеткізу өз заңдылықтарына сүйене келе, өзіне тән аудармашылық іс-әрекеттерімен белгіленеді. Жалпы айтқанда, академиялық дискурстың жазбаша түріне мазмұнның логикалық болуы тән; ақпараттың объективтілігі – нақты сандар, мәліметтер, мысалдар; лексикалық деңгейде - жалпы ғылыми, кәсіптік терминология және әр салаға тән арнайы терминдер жинағы; грамматикалық деңгейде – күрделі сөйлемдердің басым болуы, жақсыз сөйлемдер тән. Бірақ осы жалпы нейтралды қалпына қарамастан, дискурстық қатынаста қатысушылардың интербелсенділігіне байланысты модалділік сипаты айқын байқалмаса да көрініс табады. Ағылшын тіліндегі академиялық дискурсқа сандық экспресивтік тән (*most essential, much less limited*). Терминдерді қалыптастыруда метафоралардың рөлі ерекше. Мәселен, *prices rise – бағалар көтеріледі, өседі; prices fall – бағалар түседі, құлдырайды; dramatic growth – жылдам өсу*.

Аударма теориясының дамуының қазіргі кезеңінде аудармашының санасындағы екі мәдениеттің түйісуінде терең сөйлеу-ойлау процестеріне деген қызығушылықтың арқасында оның аударма процесіндегі белсенділігі екі тілдің - түпнұсқа мен аударма тіл арасындағы айырмашылыққа ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік-мәдени контекст, сыртқы (әлеуметтік, мәдени) және ішкі (психологиялық) факторларға байланысты. Басқаша айтқанда, «қазіргі заманғы аударма ісінің жаңа парадигмасында басты назар аудармашының іс-әрекетінің когнитивті құрамдас бөлігі мен оның когнитивті (интеллектуалдық) әлеуетіне аударылған. Бұл психологиялық, психолингвистикалық, когнитивтік психологияның, когнитивтік лингвистиканың терминологиялық аппаратына жүгінуге алып келді. Өйткені аударма процесінде болатын сөйлеу-ойлау процестерін талдау қажеттілігі туындайды. Осы орайда аударма «аудармашының танымы арқылы адресат пен адресаттың әр түрлі танымдық құрылымдарының өзара әрекеттесуі» деген жаңа, когнитивтік түсінік қалыптасады [4, б.75-76].

Аударманы қазіргі кезде түсіну тілдік қатынасты когнитивті тұрғысынан зерттеуге байланысты және оның пәнаралық сипатына байланысты аударма кезінде шет тілі мәтінінің мағынасын түсіну және беру механизмдерін түсіндіруге айтарлықтай әлеуетке ие[5]. Сонымен, бүгінде кез-келген аударма тек тілден тілге аудару яғни таза «лингвистикалық трансфер» ғана емес, ол бір тілдік кодтан екіншісіне ауысудан асып түседі және мәні бойынша екі әлемнің көріністері арасындағы ымыраға келу, басқаша айтқанда мәдениеттерді аудару, мәдени тұрғыдан анықталған мәтіндерді құру болып табылады [6]. Сонымен бірге, мәтін тек тілдің фрагменті, яғни лингвистикалық бірлік ретінде емес, вербалданған әлемнің бөлігі ретінде, ал аударма мәдениетаралық трансфер ретінде қарастырылуы маңызды. Нәтижесінде зерттеушілік қызығушылық түпнұсқа мәтіннен жаңа мәтінді құруға арналған материал ретінде қабылданатын аударма мәтінге, аудармаға ауысады. Талдаудың мәні аудармашының когнитивті сөйлеу-ойлау қызметіне әсер ететін әлеуметтік-мәдени мәнмәтінге, яғни тілден тыс әлеуметтік, мәдени және психологиялық факторларға бағытталған [7].

Академиялық дискурстың ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармасына талдау жасауды Е.С.Кубрякованың «әрбір тілдік құбылысты тек таным мен қарым-қатынас қиылысында қарастырған жағдайда ғана барабар сипатталып, түсіндіруге болады» деген тұжырымы негізінде қарастырамыз [8, б.6]. Ол дискурстық аударманың ерекшеліктерін адекватты түрде көрсетеді, өйткені дискурс коммуникативті құбылыс (оқиға) болып табылады, ал оның аудармасы аударма тіліндегі түпнұсқа мазмұнның мейлінше толық көрінуін болжайды [9, б.150]. Ол үшін аудармашыға түпнұсқаның мазмұнын декодтап, түпнұсқада көрсетілген мағыналар жүйесін жеткізу керек, бұл танымдық іс-әрекет. Тиісінше, аударма процесінің соңғы мақсатын оның берілуіне айналдырып, аудармашы түпнұсқаның маңызды белгілерін сақтауға тырысады.

ӘДЕБИЕТ

1. Ван Дейк Т.А. Язык. Познание. Коммуникация. – М.: Прогресс, 1989. – 310 б.
2. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс - Волгоград: Перемена, 2002. – 477 б.
3. Чернявская Е.В. Интерпретация научного текста. М.: 2010
4. Кунанбаева С.С. Концептологические основы когнитивной лингвистики в становлении полиязычной личности. / Учебное пособие – Алматы, 2017. – 264 б.

5. Селиверстова О.Н. Когнитивная семантика на фоне общего развития лингвистической науки. // Вопросы языкознания. – 2002. - № 6. – 12-26 бб.
6. Vermeer, H. J. A Skopos Theory of Translation (Some arguments for and against), Heidelberg: TEXTconTEXT. – 1996
7. Калиш Е.Е. Теоретические проблемы реконструкции дискурса в целях перевода. Автореф. дисс. на соиск. уч. степ. канд. филол. н. – Иркутск, 2013. – 23 б.
8. Кубрякова Е. С. Об установках когнитивной науки и актуальных проблемах когнитивной лингвистики // Вопросы когнитивной лингвистики. – 2004, № 1. – 6-17 бб.
9. Тюленев С. В. Теория перевода: учеб. пособие. – М.: Гардарики, 2004. – 336 б.

УДК 91(574)

ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЛАКУН В ПОЛИТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ И ИХ ПЕРЕВОД

М.Д. Ашетаева., магистрант 2 курса,
специальность «М 056 – Переводческое дело: синхронный перевод»
КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан
ashetaevamadina1720@gmail.com

Аннотация. В статье рассматриваются особенности перевода лакун в политическом дискурсе и проводится лингвокультурный и переводческий анализ лакун на материале официальных выступлений политических деятелей. В работе делается общий вывод о том, что особенности политического дискурса определяют специфику представленных в нём лакун и способы их элиминации при переводе. В ходе исследования выявлены наиболее распространённые типы лакун, наиболее и наименее употребляемые способы их перевода.

Ключевые слова: лакуна, политический дискурс, лингвокультурный анализ, компенсация лакун, заполнение лакун

ЛАКУНАЛАРДЫҢ САЯСИ ДИСКУРСТАҒЫ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АУДАРУ

М.Д. Ашетаева., «М 056 – Аударма ісі: синхронды аударма»
мамандығының 2 курс магистранты
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан
e-mail: ashetaevamadina1720@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада саяси дискурстағы лакуналарды аудару ерекшеліктері зерттеліп, саяси қайраткерлердің ресми сөйлеген сөздеріндегі лакуналарға лингвомәдени және аударма аспектілері бойынша талдау жасалады. Бұл ғылыми жұмыста саяси дискурстың ерекшеліктері ондағы лакуналардың ерекшелігін және аудармада оларды аудару тәсілдерін анықтайды деген жалпы тұжырым жасалады. Зерттеу барысында лакуналардың ең көп және ең аз таралған түрлері, оларды аударудың ең аз қолданылатын және ең жиі қолданылатын әдістері анықталды.

Түйін сөздер: лакуна, саяси дискурс, лингвомәдени талдау, лакуналарды компенсациялау, лакуналарды толтыру

LINGUOCULTUROLOGICAL ASPECTS OF THE LACUNAS IN POLITICAL DISCOURSE AND THEIR TRANSLATION

Ashetayeva M.D., 2nd year master's student, specialty «M 056 – Translation studies: simultaneous interpretation»
Ablai khan KazUIR&WL, Almaty, Kazakhstan
ashetaevamadina1720@gmail.com

Abstract. The article deals with the peculiarities of translation of lacunas in political discourse and conducts linguocultural and translational analysis of lacunas identified from official speeches of political figures. The overall conclusion is that the peculiarities of political discourse determine the specificity of the lacunas it

contains and the ways of their elimination in translation. The study reveals the most common types of gaps, the most and the least used methods of their translation.

Keywords: lacuna, political discourse, linguocultural analysis, gap compensation, gap filling

Термин лакуна происходит от латинского слова «*lacuna*» и переводится как углубление, впадина, полость. В толковом словаре Т.Ф. Ефремова лакуна трактуется следующим образом: 1) *Пропуск, пробел, недостающее место в тексте (в лингвистике и литературоведении); 2) Пробел в комплектовании; 3) Заполненный лимфой промежуток между элементами ткани и органами у животных (в анатомии).* В толковом словаре Ожегова лакуна это – пропуск, пробел, недостающее место в тексте. В лексическом словаре Оксфорда: “*lacuna – a place where something is missing in a piece of writing or in an idea, a theory, etc*”. В словаре также приведен синоним “*gap*”. Исходя из вышесказанного можно прийти к заключению, что лакуна термин, используемый в биологии и лингвистике, который обозначает пустое место. Данные пустые места доставляют много трудностей переводчикам, так как препятствуют адекватному переводу в силу своей самобытности, экзотичности и культурной наполненности. Если лакуны – это пустые места, тогда что является причиной сложности при переводе и что переводится? Лакуна появляется только при сравнении. При сравнении лексических единиц внутри одного языка появляется внутриязыковая лакуна. Сравнение лексических единиц двух языков порождает межязыковую лакуну. Межязыковая лакуна является предметом исследования данной научной работы. Языковая единица ИЯ (исходного языка) будет считаться лакуной, то есть пустым местом в языковой системе ЦЯ (целевого языка), в то время как для ИЯ эта лакуна будет считаться безэквивалентной лексикой. То есть мы переводим безэквивалентную лексику, и она образует лакуну в ЦЯ [1]. Почему так происходит? Существует несколько объяснений этому явлению: отсутствие лексической единицы, номинированной для выражения концепта; отсутствие концепта, соответственно отсутствие лексической единицы; недостаточно выраженность лексической единицы для номинирования концепта. Вышеперечисленные причины наделяют лакуны разными особенностями и классифицируют их.

В нашем исследовании мы будем опираться на классификации лакун, предложенные И.Ю. Морковиной, Ю.А. Сорокиным [2] (мотивированные и немотивированные) и В.Л. Муравьевым (абсолютные, относительные, стилистические, векторные) [3].

Целью предлагаемой статьи является выявление и анализ в текстах политического дискурса лексических лакун, их классификация, определение степени национально-культурной адаптации при переводе и причин переводческих ошибок.

Материалом исследования послужила речь президентов США – Д. Трампа и Дж. Байдена на первых предвыборных дебатах.

После анализа этих текстов были выявлены следующие виды лакун:

1. *Векторные лакуны* характеризуются несовпадением понятийных объемов слов в сопоставляемых языках.

Justice – судья Верховного суда	
Оригинальный текст	Перевод на русский язык
There aren't 100 million people with pre-existing conditions. As far as the say is concerned, people already had their say. They -- okay, Justice Ginsburg said -- very powerfully, very strongly -- at some point, 10 years ago or so, she said a president and the Senate is elected for a period of time, but a president's elected for four years. (речь Д. Трампа в телевизионных дебатах, 30 сентября 2020)	Нет 100 миллионов человек с хроническими заболеваниями. Что касается сказанного, то люди уже высказали свое мнение. Они... ладно, сказала судья Гинсбург... очень могущественно, очень сильно... в какой-то момент, 10 лет назад или около того, она сказала, что президент и Сенат избираются на период времени, но президент избирается на четыре года. (Перевод RTVI (российский международный информационный телеканал))

Лингвокультурный анализ: Сигналом того, что языковые единицы *justice* и *judge* являются векторными лакунами, является то, в английском языке они различаются по должностям,

соответственно номинируются по-разному, в то время как в казахском и русском языках они номинируются одинаково как Судья.

Переводческий анализ: В данном случае переводчик решил не подчеркивать статус судьи и использовал генерализацию.

2. *Немотивированные лакуны* характеризуются отсутствием лексической единицы, не связанным с отсутствием предмета или явления.

Filibuster – филибастер	
Оригинальный текст	Перевод на русский язык
Mr. Vice President, if Senate Republicans -- we were originally talking about the Supreme Court here -- if Senate Republicans, go ahead and confirm justice Barrett, there has been talk about ending the <i>filibuster</i> , or even packing the court, adding to the nine justices there. Are you willing to tell the American people tonight, whether or not you will support either ending the <i>filibuster</i> or packing the court? (речь Д. Трампа в телевизионных дебатах, 30 сентября 2020)	Господин Вице-Президент, так как мы начали говорить о Верховном суде, если Сенат утвердит кандидатуру Судьи Баррета, то было мнение, что нужно отменить « <i>филибастер</i> », то есть правило остановки процессуальных действий Сената. Готовы ли вы сегодня вечером рассказать американскому народу, поддержите ли вы отмену « <i>филибастера</i> »? (Перевод RTVI (российский международный информационный телеканал))

Лингвокультурный анализ: В Казахстанской политической системе невозможно использовать *filibuster*, так как при принятии каких-либо законопроектов голосование проходит отдельно по Палатам с четким ограничением по времени. А в случае США в каждом пленарном заседании по обсуждению нового законопроекта, любой сенатор может взять слово и очень долго обсуждать, так как обсуждение законопроектов не ограничено по времени. Таким образом, время принятия законопроекта оттягивается и это называется правилом *filibuster*.

Переводческий анализ: Переводчик транслитерировал термин *filibuster* как *филибастер* и добавил описательный перевод (правило остановки процессуальных действий Сената), так как аудитория ПЯ не знакома с данным термином. Мы также предлагаем перевести данный термин как *забалтывание*.

3. *Мотивированные лакуны* характеризуются отсутствием понятия/концепта в сознании народа и отсутствием лексических единиц для выражения данного понятия.

Roe V. Wade - Роу против Вейд – дело по легализации аборт	
Оригинальный текст	Перевод на русский язык
I don't think so. There's nothing happening there. You don't know her view on <i>Roe v Wade</i> (речь Д. Трампа в телевизионных дебатах, 30 сентября 2020).	Я так не думаю. Там ничего не происходит. Вы не знаете ее взгляды на <i>Роу против Вейд</i> . (Перевод RTVI (российский международный информационный телеканал))

Лингвокультурный анализ: Легализация абортов осталась в истории США как «Роу против Уэйда». Это мотивированная лакуна, так как имеет исторический, социальный подтекст, который тяжело понять представителям чужой лингвокультуры без глубокого изучения.

Переводческий анализ: Мы считаем, что данный перевод - *Roe V. Wade - Роу против Вейд* - некорректен и не может адекватно восприниматься иностранной аудиторией, которая будет его читать. Мы предлагаем переводить данную мотивированную лакуну как *легализация абортов, дело по легализации абортов*.

4. *Стилистические лакуны* выделяются на основании отсутствия в одном из сопоставляемых языков слова, стилистически окрашенного так же, как и слово с тем же значением в другом языке

Inshallah – Если на то есть воля Божья	
Оригинальный текст	Перевод на русский язык
- When? <i>Inshallah</i> ?	- Когда? <i>Иншаллах</i> ?

Лингвокультурный анализ: *Inshallah* используется мусульманами касательно будущего времени. Дословно обозначает «Если на то есть воля Божья». Для казахстанского народа использование *inshallah* в данном высказывании Джо Байдена неуместно, так как в нашем обществе стилистическая окраска и значение этого слова иные. В разговорном арабском языке *inshallah* используется для вежливого отказа или легкого «нет». Президент имел в виду, что Трамп никогда не покажет свои налоговые отчисления, а не то, что Трамп по воле Всевышнего когда-нибудь их покажет.

Переводческий анализ: Переводчик решил перевести *inshallah*, используя транслитерацию без дополнительного толкования, так как *inshallah* хорошо известно в Казахстане и во многих странах СНГ. Но, переводчик не принял во внимание стилистическую окраску этого слова и перевод получился некорректным, тем самым исказив заложенный в него смысл в конкретном контексте. На наш взгляд переводчику лучше опустить *inshallah*, так как это опущение не меняет смысл текста, в то время как перевод с помощью транслитерации приводит реципиента в недоумение.

Проанализировав различные виды лакун на материале политического дискурса, подведем некоторые итоги, касающиеся видов и способов элиминирования лакун при переводе текста на русский язык. В первую очередь отметим частотность встречаемости разных типов лакун в ПД. В нашем исследовании мы выявили, что количество мотивированных в политическом дискурсе превышает количество других видов лакун, что отражено в *Диаграмме 1*:

ЛАКУНЫ В ПОЛИТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ

■ мотивированные ■ абсолютные/немотивированные ■ векторные ■ стилистические




Диаграмма 1. Лакуны в политическом дискурсе

Что касается перевода лакун, отметим, что политический дискурс должен быть переведен максимально точно и развернуто, он содержит огромное количество терминов и неологизмов, которые должны быть переданы должным смысловым наполнением. В связи с этим описательный

перевод, конкретизация и генерализация являются самыми часто используемыми методами передачи лакун в политическом дискурсе, что отображено в *Диаграмме 2*:

ПЕРЕВОДЧЕСКИЕ ТРАНСФОРМАЦИИ В ПЕРЕВОДЕ ЛАКУН

■ Описательный перевод ■ Транслитерация ■ Генерализация ■ Конкретизация




Диаграмма 2. Переводческие трансформации в переводе лакун

В заключение отметим, что в политическом дискурсе преобладает число мотивированных лакун из-за различий в политической системе, истории и культуре стран. При элиминации лакун в политическом дискурсе не допускаются неточности и искажения смысла, необходимо полностью передавать коммуникативные намерения автора. Поэтому в качестве основного приема элиминации лакун рекомендуется использовать описательный перевод.

Литература

1. Попова З.Д., Стернин И.А. Язык и национальное сознание. Изд.3., перераб. и доп. Воронеж: Истоки, 2007. 61 с.
2. Марковина И.Ю., Сорокин Ю.А. Культура и текст. Введение в лакунологию. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2008. - 144 с.
3. Муравьев В.Л. Лексические лакуны (на материале лексики французского и русского языков) / В. Л. Муравьев. - Владимир, 1975. - 96 с.

УДК 81'33

СТРАТЕГИИ ПЕРЕДАЧИ ИМПЛИЦИТНОСТИ В ПЕРЕВОДЕ МЕДИЙНОГО ДИСКУРСА

Д.С.Тәжібаева, магистрант 2 курса

Специальность: М056 “Переводческое дело, синхронный перевод”

Казахский университет международных отношений и мировых языков им.Абылай хана

Алматы, Казахстан

diana.tazhibayeva@mail.ru

Аннотация. Явление имплицитности уже не первое десятилетие активно изучается лингвистической наукой. Язык, будучи сложной, многоуровневой системой, состоит не только из знаков, но также из их значений, идей и ассоциаций, которые формируются у коммуникантов в ходе мыслительных операций и общения. Асимметрический дуализм языкового знака, который предполагает расхождение между планом содержания и планом выражения, лег в основу явления имплицитности. В таком сложном процессе, как перевод, могут возникать сложности в передаче скрытых смыслов, что бывает обусловлено самыми различными факторами: от культурных различий до релевантности той или иной информации для обеих культур. Переводчику средств массовой информации одного лингвокультурного сообщества на другой

язык важно не столько передать языковую составляющую, сколько его картину мира: эксплицировать имплицитное или сохранить скрытый смысл, чтобы читатель мог восстановить его самостоятельно. В данной работе рассматриваются способы передачи имплицитного содержания в переводе медийного дискурса, которые были выведены по результатам сравнительно-сопоставительного анализа оригиналов и переводов фрагментов медийного дискурса, с учетом основных видов скрытого смысла, выделенных нами в рамках диссертационного исследования. Для анализа были выбраны англоязычные медиа Guardian, Independent (Великобритания), Politico (США) и онлайн-ресурс с их переводами и пересказами ИноТВ (Россия).

Ключевые слова: имплицитность, экстралингвистическая ситуация, индикаторы, идентификаторы, обязательная информация, факультативная информация, экспликация, декомпрессия, компенсация скрытого смысла.

МЕДИАДИСКУРСЫ АУДАРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ИМПЛИЦИТТІК ҚҰБЫЛЫСЫН ЖЕТКІЗУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Д.С.Тәжібаева, 2 курс магистранты

Мамандығы: M056 «Аударма ісі, ілеспе аударма»

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті

Алматы, Қазақстан

diana.tazhibayeva@mail.ru

1) <i>And over the centuries through storm and strife in peace and in war we've come so far. But we still have far to go</i> [5];	За столетия бурь и раздоров, в войне и мире, мы проделали большой путь . И большой путь нам предстоит пройти [7];
2) <i>We will press forward with speed and urgency</i> [5];	Мы будем стремиться вперед быстро и настойчиво [7];
3) <i>And here we stand, just days after a riotous mob thought they could drive us from this sacred ground</i> [5];	И мы стоим на месте, где лишь несколько дней назад бунтующая толпа считала, что она может изгнать нас с этой священной территории [7];
4) <i>We can make America, once again, the leading force for good in the world</i> [5];	Мы можем снова сделать Америку ведущей силой добра в мире [6];
5) <i>Politics need not be a raging fire destroying everything in its path</i> [5];	Политика не обязательно должна быть бушующим огнем , уничтожающим всё на своем пути [7];
6) <i>Let us say a silent prayer for those who lost their lives, for those they left behind, and for our country</i> [5];	Прошу вас присоединиться ко мне в молчании для молитвы в память о тех, кто погиб или потерял близких, и о нашей стране [6];
7) <i>That our America secured liberty at home and stood once again as a beacon to the world</i> [5];	Что Америка обеспечила свободу у себя дома и вновь стала маяком для всего мира [7];
8) <i>In each of these moments, enough of us came together to carry all of us forward</i> [5].	В каждый из этих моментов большинство из нас – большинство из нас – объединялось, чтобы вести всех нас вперед [6].

Джо Байден использует метафорическую модель движения/пути для того, чтобы прагматически и концептуально передать, что американский народ един и идет целенаправленно к единой цели по одному пути, сталкиваясь с преградами, которые он сравнил с такими губительными явлениями как шторм, бушующий огонь (табл. 7). Было донесено то, что было многое достигнуто, однако, впереди их ожидает много трудностей, побед, преград, которые они переживут вместе. Опираясь на приведенные в пример метафоры, следует прийти к выводу, что в большинстве случаев, метафоры путешествия/пути являются конвенциональными, поскольку они глубоко внедрены в нашу ежедневную коммуникацию, что мы можем не замечать, как часто мы прибегаем к их использованию на повседневной основе.

Теперь обратимся к таблице 8, содержащей метафорическую модель «*country/politics/nation is a building*»:

Таблица 8

Метафорическая модель COUNTRY/POLITICS/NATION IS A BUILDING (Страна/политика/нация – это здание/конструкция)	
Область источника	Область цели
Building (здание)	Nation (нация)
Метафора	Перевод
1) <i>Much to repair. Much to restore. Much to build</i> [5];	Многое нужно исправить , многое восстановить , многое построить [6];
2) <i>To restore the soul and to secure the future of America</i> [5];	Восстановить душу и защитить будущее Америки [7];
3) <i>We can rebuild the middle class</i> [5];	Мы можем восстановить средний класс [6];
4) <i>We will repair our alliances</i> [5].	Мы восстановим наши альянсы [7];

Здесь уместно обратить внимание на способ использования структуры этой концептуальной метафоры, в рамках которой были выявлены ряд метафор, направленных на «*построение/восстановление*» Америки, ее души, ее ценностей и союзов с другими государствами. Также, необходимо отметить, что Байден так же, как и Трамп применил метафорический подход в изображении необходимости перестройки и восстановления среднего класса и альянсов США.

Перейдем к анализу следующей метафорической концепции Байдена *democracy/hope/truth/justice are plants* (табл. 9).

Таблица 9

Метафорическая модель DEMOCRACY/HOPE/TRUTH/JUSTICE ARE PLANTS (Демократия/надежда/истина/справедливость – это растение)	
<i>Область источника</i>	<i>Область цели</i>
Plants (растения)	Democracy/hope/truth/justice (демократия/надежда/истина/справедливость)
Метафора	Перевод
1) <i>That democracy and hope, truth and justice, did not die on our watch but thrived</i> [5].	Что демократия и надежда, правда и справедливость не умерли на нашем веку, а процветали [7].

В этом контексте демократия, наряду с такими понятиями как надежда, истина и справедливость, концептуализируется в области растений, которые зависят от людей и нуждаются в их заботе. С точки зрения прагматики политик пытался донести то, что народ США вкладывал все свои силы и старания в «*процветание*» их демократии и национальных ценностей, а не наоборот, уничтожал их, дав понять, что они справились с важной миссией. Таким образом, президент умело смог метафорически совместить обыденные понятия с серьезными политическими вопросами, тем самым показав высокий уровень ораторства.

Анализ в рамках этой статьи позволил нам выявить концептуальные метафоры в инаугурационных речах Дональда Трампа и Джо Байдена в аспекте их прагматического воздействия на общество США. В результате проведенного исследования мы выяснили, что концепция войны, строительства, борьбы за справедливость занимают важную часть в метафорах Трампа и Байдена на основе использованных метафор. В ИР Трампа были выявлены 4 основных метафорических модели, областями источника которых являются *война/поле битвы, строительство, растительный мир, разграбление*. Что касается ИР Байдена, в ней были выявлены 6 основных метафорических модели, областями источника которых являются *война, путь, механизм, строительство, растительный мир*. Отметим, что в двух речах присутствуют схожие области источника, однако области цели отличаются в основном по стилистической окраске, имеют разную оксиологическую функцию. У Трампа более выражены концепты борьбы, призыва к свержению системы, негативного отношения к иммигрантам, в то время как у Байдена преобладают концепты единства, процветания, развития, борьбы с пандемией.

ЛИТЕРАТУРА

1. Чудинов А.П. Политическая лингвистика. – М.: Флинта: Наука, 2012. – 283 с.
2. Пешт Г. Анализ инаугурационной речи Дональда Трампа [электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://eurorussians.com/president-trumps-inauguration-speech/> (дата обращения: 10.03.21)
3. Donald Trump. Inauguration Speech [электронный ресурс] – Режим доступа: <https://time.com/4640707/donald-trump-inauguration-speech-transcript/> (дата обращения: 10.03.21)
4. Посольство и консульства США в Российской Федерации. Текст инаугурационной речи президента Трампа [электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://ru.usembassy.gov/ru/текст-инаугурационной-речи-президента/> (дата обращения: 08.04.2021)
5. Joe Biden. Inauguration speech [электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.whitehouse.gov/briefing-room/speeches-remarks/2021/01/20/inaugural-address-by-president-joseph-r-biden-jr/> (дата обращения: 11.03.21)
6. U.S. department of state. Инаугурационная речь Президента Джозефа Р. Байдена [электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.state.gov/inauguration-address-by-president-joe-biden/> (дата обращения: 11.03.21)

ресурс] – Режим доступа: <https://www.state.gov/translations/russian/инаугурационная-речь-президента-джо/> (дата обращения: 15.03.21)

7. Голос Америки. Инаугурационная речь Джо Байдена [электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.golosameriki.com/a/biden-inauguration-speech/5745210.html> (дата обращения: 15.03.21)

ӨЖ 91(574)

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Қайрат Г.Д., магистрант

Қазақ Абылай хан атындағы Халықаралық Қатынастар және Өлем Тілдері Университеті,
Алматы, Қазақстан,
kairatgulzhanat@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада түрлі қауымдастық өкілдерінің мәдениетаралық коммуникациясы мәселесі қарастырылады. Мақалада мәдениетаралық коммуникация түрлері, олардың лексикалық бірліктерінің прагматикалық байланысы сөз болады. Әр халықтың ана тілінде стилистикалық сипаты ерекше лексикалық бірліктер болатыны белгілі. Мәдениетаралық коммуникацияда қандай да бір материалды ұсынғанда ондағы әрбір сөздің лексикалық мағынасымен қатар прагматикалық мәні, функциясы назарда болатыны жан-жақты қарастырылады.

Түйін сөздер: тіл, мәдениет, коммуникация, тілдік бірлік, прагматика.

ПРАГМАТИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ЯЗЫКОВЫХ ЕДИНИЦ В МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

Қайрат Г.Д., магистрант

Казахский Университет Международных Отношений и Мировых Языков им. Абылай хана,
Алматы

Аннотация. В данной статье рассматривается проблема межкультурной коммуникации представителей различных общин. В статье речь пойдет о типах межкультурной коммуникации, прагматической связи лексических единиц. Известно, что в родном языке каждого народа существуют лексические единицы, стилистический характер которых уникален. При изложении того или иного материала в межкультурной коммуникации наряду с лексическим значением каждого слова в нем рассматривается прагматическое значение, функция.

Ключевые слова: язык, культура, коммуникация, языковые единицы, прагматика.

THE PRAGMATIC SIGNIFICANCE OF LINGUISTIC UNITS IN CROSS-CULTURAL COMMUNICATION

Kairat G.D., master's student

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty

Annotation. This article deals with the problem of cross-cultural communication between representatives of different communities. The article will focus on the types of cross-cultural communication, the pragmatic connection of lexical units. It is known that in the native language of each nation there are lexical units, the stylistic character of which is unique. When presenting a particular material in cross-cultural communication, along with the lexical meaning of each word, it considers the pragmatic meaning, the function

Keywords: language, culture, communication, language units, pragmatics.

Мәдениетаралық коммуникация – әр түрлі ұлт өкілдерінің әрқайсысының жеке тұлға ретіндегі тілдік және мәдени айырмашылықтарының толық және жан-жақты көрінетін тұсы. Онда түрлі тілдік қауымдастықтар өкілдерінің арасында өзара түсіністікке қол жеткізу үшін тілдік және мәдени деңгейлерінің шамалас болуы маңызды. Мәдениетаралық коммуникацияның

сәтті болуы көбіне контекске байланысты болады. Белгілі бір коммуникативтік актіде қандай да тілдік құралдардың таңдап алынуы сол актінің мақсатына, жағдайына, сонымен бірге сөйлеу конвенцияларына байланысты болады. Ұлттық мәдениет, ұлттық мінез-құлықтың көріністері коммуникацияның арқасында өрнектеледі. Коммуникацияның ауызша және ауызша емес символдары белгілі бір халықты, оның сипаттарын, мәдениетін, салт-дәстүрін айқын сипаттап береді. Мәдениетаралық қарым-қатынасқа түскен әрбір коммуникант өзін және әңгімелесушісін «өзінікі» және «бөгде» деп қарастырады. Мәдениетаралық коммуникацияда коммуникант өзін еркін сезіну үшін өзімен тілдік қарым-қатынасқа түскен өзге ұлт өкілінің тек тілін ғана емес, сол ұлттың (елдің) мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттық мінез-құлқын білуге тиіс.

Кез келген тілде эмоционалды бояуы қанық, стилистикалық сипаты ерекше лексикалық бірліктер болады. Олар прагматикалық жағынан анағұрлым маркерленген болады да, ұлттық бояудың неғұрлым анық берілуіне ықпал етеді. Бұл бірліктер ауызекі тілде ерекше байқалады.

Ауызекі сөйлеу стилі күнделікті сөйлеу стилі адамдардың күнделікті өмірінде қарым-қатынас жасау үшін тілдік құралдарды қолданумен сипатталады. М. П. Брандес осы стильдің экстралингвистикалық белгілерін атайды- бұл” ойлаудың нақты объективті тәсілі және мазмұнның нақты сипаты; бейресми, табиғи, қарым-қатынастың сенімділігі; қарым-қатынастың ауызша-диалогтық формасының басым болуы “ (1,1983:208). Бұл стиль тек сөзбен, интонациямен, синтаксиспен, бет-әлпетпен, ым-ишарамен ғана емес, сонымен қатар басқа паралингвистикалық және экстралингвистикалық құралдармен берілетін эмоционалды қанықтылықпен сипатталады.

А.Нойберттің классификациясы бойынша, прагматикалық тұрғыдан, басқа тілдің оқырмандарына белгісіз, коннотативті лексикамен анықталған, тек осы мәдениеттің тасымалдаушылары үшін түсінікті, ел мәдениетінің шындықтарының болуымен сипатталатын көркем мәтіндерді аудару қиын. Ал ауызекі сөйлесу стиліндегі көркем мәтіндерге жеңілдік пен еркіндік тән. Ауызекі сөйлесу стилінде байланыс орнату және эмотив функциялары маңызды рөл атқарады. Мәдениетаралық коммуникацияда бұл функциялар сөзжұмсамдық әрекетінің шарттылығымен, яғни сол мәдени қауымдастықта орнаған нормалар, дәстүрлер, салттарына байланысты көрініс береді. Коммуниканттар арасында байланыстың орнауы тілдік элементтердің үнемі жұмсалыуына, олардың экстралингвистикалық және паралингвистикалық құралдарымен (ым-ишара, дене қимылдары т.б.) алмастырылуына себеп болады. Сондай-ақ бұл стильде сөз қарқындылығы, ойдың дұрыс жеткізілмеуіне және дәл берілмеуіне ықпал етеді.

Э. Г. Ризель ауызекі сөйлеу стилінің дифференциалды жіктелуін келесідегідей ұсынады: 1) әдеби-ауызекі, 2) таныс (қарапайым ауызекі сөйлеу), 3) дөрекі ауызекі. (1,Брандес, 1983). Осы топтарға қатысты қазіргі қоғамымыздағы адамдарды ауызекі сөйлеу мәнеріне қарай топтастырсақ, шартты түрде мынадай: 1) әдеби ауызекі сөйлеу стилінде сөйлейтіндер: күнделікті ресми және бейресми қарым-қатынаста сөздің коммуникативтік сапаларын толық сақтайтын, сөздің мағынасын, астарын түсіне білетін, сөзді орынды-орынсыз қысқартудан аулақ болатын, мәдениетті сөз қолданысын сақтай алатын зиялы қауым өкілдері; 2) қарапайым ауызекі сөйлеу стилінде сөйлейтіндер: қарапайым тілдік қолданыстарды екшеп қолдана алатын, тіліміздің сөздік құрамын талғап қолдана алатын, тұрпайы, қарапайым сөздерді қолданудан аулақ бола алатын қоғамымыздың басым көпшілігі жататын топ; 3) тұрпайы-дөрекі ауызекі сөйлеу стилінде сөйлейтіндер: сөйлеу мәнерінде тұрпайы сөздер мен жаргон сөздерді, қарапайым сөздерді жиі қолданатын, тілді орынсыз шұбарлайтын, сөздерді орынсыз қысқартып, бұрмалайтын топ жатады. Бұл топқа қазіргі қала жастары, ауылдан қалаға келіп әлі де қала өміріне сіңіп кете алмай жүрген ауыл жастары, Кеңес Одағы кезінде орысша білім алып, қазақ тілінің нәрін әлі де сезіне алмай жүрген қала тұрғындары жатады.

Жалпы алғанда, күнделікті-ауызша қарым-қатынас стиліне: адам өмірінің тұрмыстық аспектілерінің ерекшелігіне байланысты тілдік сөйлеу құралдарының нақтылығы, көрнекілігі, қарапайымдылық пен эмоционалдылығы, жеңілдігі тән. (1, Брандес, 1983)

Ауызекі сөйлеу стилі көркем әдебиетте елеулі орын алады. Көркем шығарма мәтіні халықтың әлеуметтік, мәдени, тарихи өмірін бейнелеумен қатар, адамның қоршаған ортаға қатысты білімі мен танымын, түсінігін, тәжірибесін, адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастарды да көрсетеді. Жазушы осының барлығын суреттей отырып, табиғи-коммуникативтік шарттар жасайды, яғни коммуникацияға қатысушылар өздерінің әлеуметтік рөліне сәйкес әрекет етеді, сөйлейді, тілдік қарым-қатынасқа түседі. Мәдениетаралық коммуникацияда лексикалық бірліктердің прагматикалық байланысы бөгде тіл иесінің хабарламаны барынша дұрыс түсінуімен байланысты. Күшейткіш мәнді лексика осы мақсатта жиі қолданылады. Сөйтіп сөздің эмоционалдылығы, экспрессивтілігі, коммуникативтік мазмұндылығы сөз мағынасындағы бір белгіні (сол жағдаяттағы маңызды деп саналатын бөлік) қарқындандыру есебінен арта түседі. Қолданысқа түскен стилистикалық бейнелі лексика номинативті мағынасынан коннотативті мағынаға ауысуы тек эмоционалды-экспрессивтік реңкті тудыру үшін, соған қажетті тілдік бірлік ретінде алынбайды, экстралингвистикалық факторларымен қоса стиль жасайтын мәнерлі форма тудыратын қызметіне, тәсіліне байланысты болып келеді.

Д.Әлкебаева: «Ауызекі сөйлеу стилінде сөйлеу субъектісі – адресант және қабылдаушы, адресат. Адресант пен адресат прагматикалық факторға жатады, ерекше стиль түзуші тәсіл болғандықтан, прагматиканың орталық категориясына кіреді. Ауызекі сөйлеу стилінде прагматикалық бағдар ерекше рөл атқарады. Ауызекі сөйлеу стилінде адресант стилистикалық мүмкіндіктерді адресатқа ықпал етіп жеткізу үшін жаңа білім қорын игеруі қажет, ол стильдік фон деп аталады. Ауызекі сөйлеу стилінде прагматикалық фактордың қатарына жататын тыңдаушыға айрықша көңіл аударуды қажет етеді», – дейді [2,57.].

Көркем әдебиет стилінде ерекше стильдік қызмет атқаратын - қайталамалар. Жазушы, ақын нақты бір сөзді бірнеше рет қайталау арқылы сол оқиғаның, көңіл-күйдің т.б. маңызын, мәнін, мазмұнын ашу мақсатында сол сөздің стильдік реңкін қоюландырып, сол сөздерге ерекше стильдік бояу арта отырып қолданады. Мұндай қайталамалар қазақ әдебиетінің ірі классиктері Ж.Аймауытов, Ғ.Мүсірепов, О.Бөкей шығармаларында жиі кездеседі. Мұндай қолданыс - осы жазушылардың көркемдік тәсіл ретіндегі стильдік қаруының бірі [3.61.].

«Ауызекі сөйлеу стилінде де қайталаулар молынан ұшырасады. Қайталаулар – көркем әдебиет стилінде суреткердің стильдік ерекшелігі ретінде танылатын стилистикалық тәсіл, ауызекі сөйлеу стилінде мәнерлілік қасиеті айтылған ойға параллельдік қатар түзу үшін пайдаланылады. Мысалға айтқанда, *«Қазір бәрі өзгерді, өмір өзгерді, заман өзгерді, мода өзгерді, адам да өзгерді, ниеті де өзгерді, пигылы да өзгерді»* немесе *«Заман жақсарды, өмір жақсарды бәрі де жақсарды»* деген сөйлемдердегі бірінші қайталау өзгерді сөзін сөйлеуші бірнеше рет қайталап айтады, сол арқылы көлемді құбылыстың сырын баян етеді, ал екінші сөйлемде қайталау болып тұрған сөз жақсарды, ол бар-жоғы екі-ақ рет қайталанып тұрғанымен заман мен өмірге ортақ зат пен құбылыстың жақсарғанын көрсету үшін қолданылып тұр» [2,59.].

Мұндай қайталауларды стилистикалық тұрғыдан кейбіреулер дұрыс емес деп есептеуі мүмкін. Алайда бүгінгі таңда тек көркем әдеби шығармада ғана емес, газет мәтіндерінде де жиі кездесетін стильдік ерекшелік деп те айтуға болады. Бұл әдіс бүгінде газет мәтінінің прагматикалық әсерін күшейту мақсатында кең қолданылып жүрген тәсілдердің бірі ретінде қолданыста. Мағыналық құрамында прагматикалық компоненттері бар бірліктерді оқырман жай ғана оқып және түсініп қоймайды, ол бірліктер оқырманның көңіл-күйіне әсер етеді. Осындай прагматикалық компоненттердің қатарына жататын тілдік қайталамалар ғылыми әдебиетте прагматикалық интенсификаторлар деп аталады [4. 172.]. Ал көркем әдеби шығармалардағы қайталамалар анафора және эпифора деп аталады. Тілдік қайталама немесе реприза деп аталатын мұндай құбылыста жекелеген дыбыстар, сөздер, морфемалар, синонимдер немесе синтаксистік конструкциялар қатар тұрып болмаса арасына бірді-екілі өзге сөздерді ғана кірістіре отырып қайталана жұмсалады. Сондықтан, тіл үйренуші шетел азаматы болған жағдайда оған бейтаныс мысалдар арқылы түсіндіріліп болған соң сол құбылысқа сай келетін қазақ тіліндегі атау немесе номинативтік бірлікті бүкіл сабақ бойы бірнеше рет қайталаудың маңызы зор.

Келесі мәселе – көркем мәтінде қолданылатын ауызекі сөйлеу элементтерін дұрыс аудару және қабылдауға байланысты туындайды. Өзге ұлт, мәдениет өкілі өз тілдік ұжымында қалыптасып орныққан прецедентті феномендерді жақсы білгенімен, өзге тілге қатысты прецеденттік феномендерден (есімдер, атаулар) бейхабар болуы мүмкін. Осыған байланысты үйреніп жүрген тілде жазылған түрлі әдеби-көркем, публицистикалық т.б. мәтіндермен танысу кезінде, қабылдаушы бірқатар кедергілерге тап болатыны сөзсіз. Мәселен, «Бандыны қуған Қайырбек» деген мақала атауын оқыған сәтте С.Сейфуллиннің әңгімесінен хабардар оқырманның есіне бірден қызыл әскер Хамит түссе, ал аталмыш шығармадан бейхабар, бөгде мәдениет өкілі мәтін авторының айтпақ болған ойын тек мақаламен толық танысқанда ғана түсінеді. Көркем мәтінді аударуда осы феномендерді өзге мәдениет өкіліне жеткізу үлкен қиындықтардың бірі болып есептеледі. Мәселен, қазақ халқына етене таныс жомарттығымен аты шыққан – Атымтай, сарандығымен белгілі – Шық бермес Шығайбай немесе баласының бақытынан малын жоғары қойған Қарабай (Баянның әкесі) мен Базарбай (Төлегеннің әкесі) сияқты кісі есімдерін қолдану арқылы жазушы немесе драматург 1-ден, айтпақ болған ойын барынша ықшамдап беруге қол жеткізсе, 2-ден, тыңдарман (көрермен) санасындағы аталмыш образға қатысты білім қорын «іске қосу» арқылы өз ойының әсерлілігін барынша ауқымды түрде жеткізілуін қамтамасыз етеді. Ал түрлі бейнелі қолданыстар мен мақал-мәтелдерді және фразеологиялық бірліктерді түсіндіргенде олардың мазмұнын тікелей аудармай, сипаттамалы түрде беруге болады. Ал аталмыш бірліктердің үйренушінің өз ана тіліндегі баламалары арқылы түсіндірсе, тіпті тиімді болмақ. Сонымен, көп тілді коммуникативті тұлға деген ауқымды ұғымға сай болуы үшін үйренушіге сол тілдің сөздік қорындағы лексемалардың тура және ауыспалы мәндерін білу аздық етеді. Қандай да бір контексте прагматикалық мән жүктелген лексикалық бірліктердің мазмұнын толық түсіну үшін коммуникант сол тіл иесі халықтарының мәдениетінен, атап айтқанда, әдебиеті мен өнерінен хабардар болуы тиіс. Ол үшін ұлт мәдениетінің үлкен саласын құрайтын фольклор мен түрлі драматургиялық т.б. шығармаларды оқып танысудың берері мол. Осы тұста көркем шығарманы оқу – бір басқа, ал онда кездесетін кейіпкерлер есімдерін немесе олардың сөздерін, яғни афоризмдік сипатқа ие болған түрлі қолданыстарды тілдік қарым-қатынас барысында сөйлеу мақсатына сай, орынды қолдана білу – екінші мәселе екенін айта кеткен жөн.

Ауызекі сөйлеу стилінде сөздік қордың барлық қабаттары қатысады. Солардың ішінде барынша бейнелі, мазмұнды, қолданыс аясы барынша кеңі – фразеологизмдер. Жалпы фразеологиялық тіркестер мәдениетаралық коммуникацияны жүзеге асырудың бірден бір негізі. Себебі фразеологизмдер халықтың тұрмыс-тіршілігінің, өмірінің, әлеуметтік жағдайы, мәдениеті, салт-дәстүрінің айнасы. Ауызекі сөйлеу стилінде қолданылатын фразеологизмдердің астарында прагматиканың ықпалы анық байқалады. Мысалы, *басына іс түсу – қиыншылық көру, қылмысты болу – жазаға тарту, құлап қалды – оқуға түсе алмай қалу, қалтасы қалың – ақшасы көп*. Ауызекі сөйлеу стилінде қолданылатын фразеологизмдерде қоғамның тынысы, өмірі, өзгерісі, өмірдің сан алуан жақтары, адам мен табиғат, адам мен қоғам арасындағы қатынастар айшықталады. Бұл күнде кейбір фразеологизмдердің заманның ағымы мен өзгерісіне қарай прагматикасы қалыптасты. Мысалы, *көз майын тауысу – көп оқу, кешке дейін салпақтау – жұмыс іздеу, ақ тер қара тер болу – тіршілік етуге әрекет ету, барар жер, басар тауы қалмау – пәтер іздеу, ит болу – әуре-сарсаңға түсу* т.б. Ауызекі сөйлеу стиліндегі фразеологизмдердің басты ерекшелігі сөйлеу жағдаяттарына жіне де әлеуметтік-психологиялық жағдайларына тікелей байланысты. Фразеологиялық тіркестерді қолдану барысында интонация ерекше рөл атқарады. Интонациямен берілетін әуен адамның ойын, сезімін білдіреді және оның прагматикалық әсері де аса күшті болады.

Қорытындылай келе, тілдер мен мәдениеттердің өзара әрекеттесу процесінде аударма сәтті мәдениетаралық қарым-қатынас құралы және шарты ретінде маңызды рөл атқарады. Мәдени бағыттағы аударма мәдени ақпаратты беру құралы ретінде түсініледі, ал аударманың прагматикалық аспектісі мәдениаралық қарым-қатынас жағдайында өзара түсіністік пен барабар мінез-құлық актісінде маңызды рөл атқарады. Бұл зерттеу осы мәдени қауымдастықтың мәдени дәстүрлерін, нормаларын, құндылықтарын сақтау, беру және белгілеу құралы бола

отырып, тілдің мәдениет жүйесінде белгілі бір және маңызды орын алатындығын растайды. Бүкіл мәдениет белгілі бір адамдар өмір сүретін біртұтас кеңістік ретінде тілдің мазмұндық жоспарында ұсынылған және көрініс табады, бұл белгілі бір жолмен мәдениетаралық қарым-қатынасты түсінуге әсер етеді. Белгіленген прагматикалық фактор лексикалық, грамматикалық, синтаксистік бірліктер деңгейінде тілдік ережелерді коммуникативті жүзеге асыру тұрғысынан мәдениетаралық қарым-қатынас бойынша серіктестердің өзара түсінушілігін анықтайды. Мәдениетаралық коммуникация процесінде әртүрлі тілдер мен мәдениеттер өкілдерін прагматикалық түсіну тілдік бірліктердің тілішілік прагматикасынан туындайтыны анықталды. Осылайша, мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайындағы сөйлеу актісі қарсылас халықтың мәдениетін білуден туындаған ерекшеліктерге ие болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Брандес М.П. Стилистика немецкого языка. – М.: Высшая школа
2. Әлкебаева Д.А. Қазақ тілінің прагматистикасы: Оқулық. – Алматы. Қазақ университеті, 2014.
3. Жұмағұлова А.Ж. Ғ.Мүсірепов әңгімелерінің кейбір көркемдік ерекшеліктері, мақала. ҚазҰУ Хабаршысы (филология сериясы), 2014. – №6 (152). – 61-б
4. Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы. – Алматы, 2007.
5. http://www.rusnauka.com/11_NPE_2013/Philologia/3_133272.doc.htm

ӨЖ 91(574)

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТАНЫМДЫҚ АСПЕКТІСІ

Ағыбай А.Ә., магистрант

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Өлем Тілдері Университеті, Алматы
anar.agybay@gmail.com

Аңдатпа: Мақалада қазіргі жаңа парадигмаға сәйкес, фразеологизмдерді зерттеудегі танымдық аспектілеріне мән беріледі. Атап айтқанда, фразеологизмдер когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану тарапынан қарастырылады. Сонымен қатар, фразеологизмдердің қазақ және ағылшын тілдеріндегі баламалары қарастырылады. Оның тұлға бойындағы әлемнің тілдік бейнесінің қалыптасуына әсері талқыланады.

Түйін сөздер: тіл, концепт, мәдениет, әлемнің тілдік бейнесі, фразеологизм, лингвомәдениеттану.

КОГНИТИВНЫЕ АСПЕКТЫ ИЗУЧЕНИЯ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ

Ағыбай А.Ә., магистрант

Казахский Университет Международных Отношений и Мировых Языков им. Абылай хана, Алматы

Аннотация: В статье особое внимание уделяется когнитивным аспектам изучения фразеологии в соответствии с современной парадигмой. В частности, фразеология рассматривается с точки зрения когнитивной лингвистики и лингвокультурологии. Кроме того, рассматриваются эквиваленты фразеологии на казахском и английском языках. Обсуждается его влияние на формирование языковой картины мира у личности.

Ключевые слова: язык, концепт, культура, языковая картина мира, фразеология, лингвокультурология.

COGNITIVE ASPECTS OF STUDYING PHRASEOLOGICAL UNITS

Agybay A.A., master's student

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty

Annotation: The article pays special attention to the cognitive aspects of the study of phraseology in accordance with the modern paradigm. In particular, phraseology is considered from the point of view of cognitive linguistics and linguoculturology. In addition, the equivalents of phraseology in the Kazakh and English languages are considered. Its influence on the formation of a linguistic picture world is discussed.

Key words: language, concept, culture, linguistic picture of the world, phraseological unit, linguoculturology.

Қазіргі таңда халықаралық қатынастар аясында орын алып жатқан мәдениетаралық қатысымдарда әр ұлттың өзіндік ерекшеліктерін көрсететін тілдік бірліктер арқылы, ұлттың мәдени танымын антропологиялық фактор арқылы қарастыру қажеттілігі туындауда. Осындай тілдік қарым-қатынастарда сөйлеген сөзіміз әсерлі, көркем болуы үшін және тыңдаушылардың назарын өзімізге аударуға септігін тигізетін – фразеологизмдер. Белгілі бір мәдениетті өзінің тілі сияқты ештеңе анықтай алмайды, ал қоғамның құндылықтары мен наным-сенімдірін қамтитын тілдік құралдары – оның идиомалары мен тұрақты тіркестері болып табылады. Тілдің фразеологиялық құрамы мәдени білімді жинақтайды және халықтың мәдени-тарихи тәжірибесін және тілдің даму ерекшеліктерін айқын көрсетеді.

Тіл мәдениеттің болмысын айқындайтын құрал ретінде қарастырылады. Тіл мен мәдениеттің өзара ұштасуы тұлғаның әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырады. Әлем бейнесін тіл арқылы бейнелеуде концепт ретінде танылған ұғыммен мағыналық байланыста болатын фразеологизмдердің маңызы ерекше. Себебі фразеологизмдер ұлттың тұрмыс тіршілігін, өмірден алған сабақтарын, даналығы мен өнегелігін сипаттайды. Жоғары айтылғандарды ескере келе, гуманитарлы зерттеулерді когнитивті, лингвомәдени тұрғыдан қарастыру тенденциясы жүріп жатқанын айтып кеткен абзал.

«Танымдық (когнитивтік) ғылым» термині алғашқыда белгілі бір ақпаратты қабылдап, оны белгілі бір өңдеуден өткізіп, мида сақтай отырып, қажетті кезінде оны қолдану нәтижесінде адамның миында білім қыртыстарының қалыптасу және толығу процестерін зерттейтін ғылыми пәндер жиынтығын айғақтау үшін енгізілген. Демек, танымдық ғылым — адамдардың қоршаған дүниені қабылдау және танымдық қызметтерінің пайымдау нәтижесінде белгілі бір жүйеге келтіріп, біздің санамызда белгілі бір жүйеге түсіріліп «жазылып», менталды, яғни танымдық процестердің негізін құрайтын білім мен таным туралы ғылым. Көбінесе танымдық ғылымның адамның ми қыртыстарына әртүрлі жолдармен келетін білімнің қалай «жазылу» жолдары мен сол ақпараттардың белгілі бір өңдеуге түсу жүйелерін зерттейтін ғылым деген ықшам түріндегі анықтамасын қолданады (Ислам, 2004). Дәл осы когнитивті көзқарас аясында фразеологиялық бірліктің мағынасы конструкция ретінде ғана емес, тілдік сананың қасиеті, тіл кодының бірлігі, нақты ақпарат көзі ретінде қабылдана бастайды.

Филология ғылымының докторы, профессор, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Байынқол Қалиұлы, фразеологизмге – екі немесе одан да көп сөздердің тұрақты түрде тіркесуі арқылы жасалып, ауыспалы, бейнелі мағынаны білдіретін сөз тіркестері деген анықтама берді. Мысалы, соры сорпадай қайнады (бақытсыздыққа тап болды, қасіретке ұшырады) – көзі ашылды (сортан арылды, жолы ашылды, қолайлы жағдай туды), бетінен оты шықты (қызарды, қысылды, ұялды) – беті бүлк етпеді (ұялмады, бедірейіп тұрды, арсыздығын көрсетті), үміт етті (күдерін үзбеді, дәме қылды) – үмітін үзді (күдерін үзді, болады-ау деген ойынан шықпады), сабыр етті (шыдам, төзім білдірді, асығыстық жасамады) – дегбірі қалмады (шыдамсызданды, асып-састы) т.б.

Лингвистикалық тұрғыда грамматикалық формаларсыз сөздерді есте сақтау қиын. Сөз – материал болса, оның өкілі даяр тіркестер. Фразеологияның теориясында аса қажетті факторлар:

1. тіркестерде тұрақты лексемалардың болуы;
2. тұрақты грамматикалық формалардың сақталуы;
3. ассоциацияның болу (Смағұлова, 2020).

Осы орайда, лингвистикадағы қазіргі танымдық бағытты алға тарта, филология ғылымдарының докторы Смағұлова Г.Н. өзінің «Қазақ фразеологиясы» атты монографиясында «когнитивтік фразеология» ұғымын ұсынып, оған фразеологизмдердің семантикасын тілдік және тілдік емес ақпараттар арқылы дүниені қабылдау, сонымен қатар, тіл иесінің менталдық болмысының ерекшеліктерін терең, жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді деген сипаттама берді. Яғни ұсынылған ұғым когнитивтік қатысымдық жағдаяттарды сипаттайтын

фразеологизмдердегі концепттерістерді анықтау арқылы ментальдық модельдерді көрсетуді мақсат тұтады (Смағұлова, 2020). Бұл дегеніміз, әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруда түрлі бейнелер концептілік құрылым түзеді дегенді білдіреді. Мысалы, елімізде «адам» сөзінің түсінігі келесі тіркестермен бейнеленеді:

- Ер адам – еркек кіндікті;
- Әйел – үйдің қазығы;
- Жігіт – тепсе темір үзер;
- Қыз – үріп ауызға салғандай және т.б.

Осылайша, концептуалды жүйе болмыс пен мәдени тәжірибелерге тәуелді болады және оны зерттеуде лингвомәдениеттану маңызды рөл атқарады. Тіл мен мәдениеттің арақатынасын мойындай отырып, көптеген отандық және шетел зерттеушілері, адам қызметінің барлық аясындағы өзгерістерге әсер ететін лексико-семантикалық деңгейіне ерекше мән берген (Кондубаева, 2014). Лингвомәдениеттану кез-келген тілдік құбылыстың табиғатын, оның тек тілдік заңдылықтарына сүйене отырып қана қоймай, сонымен қатар халықтың мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына назар салады. Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет – оның ішкі мәні. Лингвомәдениеттанудың антропологиялық өзектілігі тіл мен мәдениеттің байланысын, тілдің мәдениетті сақтау, сипаттау, жарыққа шығару кешенділігін зерттейді.

Фразеологияға байланысты лингвомәдениеттанудың басты міндеті — «табиғи тілдің бірліктері болып табылатын фразеологизмдер мен мәдениет тілінің мәдени семантикасы арасындағы арақатынас механизмдерін зерттеу және сипаттау» болып табылады. Мәселен, ағылшын және қазақ тілдеріндегі кейбір фразеологизмдердегі мәндес ұғымдарды білдіретін баламалар біркелкі немесе ұқсас белгілер мен біртектес салыстырулар негізінде қалыптасқан. Мысалы, «make someone's hair stand on end» - (біреудің шашын түбінен тұрғызу) «төбе шашы тік тұру» «зәресі ұшу» мәнінде қолданылса, «make one's head turn» -(басын айналдыру), алдап арбау, ойлауға мұршасын келтірмеу, ғашық ету мәнінде қолданылады, «open one's eyes» - (көзін ашу) «түсіну, үйрету, ақыл қосу» мағынасын береді (Жамбылқызы, 2015). Бұл тұста айта кететін маңызды мәселе, ұлттық реңктегі фразеологизмді тек образдық негізінің айырмашылығына ғана қатысты түсінбейміз. Образдық негіз шындығында да танымның ұлттық ерекшелігімен сипатталатын жағдайда ғана оны ұлттық реңктегі тілдік белгі ретінде анықтаймыз. Мысалы, жуас мағынасындағы әртүрлі тілдердегі тұрақты тіркестерді қарастырсақ: «қой аузынан шөп алмас», орысша «и мухи не обидит», ағылшынша «can't say no to a goose» (тура аудармасы – қазға шәйт дей де алмайды) — әр фразеологиялық тіркестің образдық негіздері әртүрлі, бір жағынан, олардың біріншісі мен соңғысы белгілі бір халықтың тұрмыс тіршілігі немесе шаруашылығынан хабардар болуы мүмкін, бірақ оларды ұлттық реңкте деп айтуға болмас (Ислам, 2004). Демек, лингвомәдениеттанудың маңызды бөлігі – ұлттың қоршаған болмысы, реалиялары мен тарихи-мәдени құбылыстарының тілдегі саналы көрінісі. Сондықтан да, тіл мен мәдениет өте тығыз қарым-қатынаста болады. Бұл біріншіден, тіл мәдениеттің құрамдас бір бөлігі болып табылатындығында болса, екіншіден, сол тіл арқылы мәдениеттің өзіндік көрініс табатындығында және бұған қоса, тіл өз алдына дербес жүйе түзей алуында (Ислам, 2004). Бір қатар зерттеушілердің түсінігі бойынша, қай халықтың болсын, белгілі бір зат не құбылыс жайындағы түсінігі бірдей, тек тілі басқа. Ендеше мұндай жағдайда белгілі бір ұғымды беруге септік жасап тұрған жеке сөздерді аударуға тырыспай, сол компоненттер жеткізіп тұрған ойды жеткізу қажет. Мәселен, бір тілдегі мақал-мәтелдердің баламасын екінші тілде табу болады, мысалы, «East or west home is best» – «В гостях хорошо, дома лучше» – «Өз үйім өлең төсегім», «If you run after two hares, you will catch neither» – «За двумя зайцами погонишься, ни одного не поймаешь» – «Екі кемнің басын ұстаған суға кетеді», «There is no smoke without fire» – «Нет дыма без огня» – «Жел болмаса, шөптің басы қозғалмайды» және т.б.

В.Н.Телияның пайымдауынша кез-келген тілдер жүйесіндегі фразеологизмдер мәдени белгілердің экспоненттері ретінде қабілетті екендігін, фразеологизмдердің ұлттық-мәдени

дүниетанымға синхронды түрде еніп қана қоймай, оның фрагменттерін ұрпақтан ұрпаққа табыстаушы ретінде жеке тілдік тұлғаның, сондай-ақ тілдік ұжымның дүниетанымын қалыптастыруға қатысатынын айтады (Телия, 1993). Яғни, оның тұжырымына сәйкес тілдің фразеологиялық құрамы – бұл лингвомәдени бірлестік өзінің ұлттық ерекшелігін анықтайтын айна, нақтырақ айтқанда, фразеологизмдер тұлғаларға әлемге және жағдайға деген қандай көзқарас таныту керектігін бағыттайды.

Фразеологиялық ұғымды құру мен сипаттау көбінесе тілдік фразеологиялық бірліктердің ұлттық және мәдени ерекшелігін анықтауға бағытталады, бұл фразеологизмдерді зерттеудің когнитивтік тәсілі – жаңа түсініктеме алған дәстүрлі проблемасы. «Когнитивті» ғылыми қызығушылық шеңберіне фразеологиялық бірліктердің танымдық микроқұрылым ретінде ауқымды когнитивті құрылым-тұжырымдамамен қатынасы туралы мәселе кіреді (Гусельникова). Бұл мәселенің шешімі қазіргі фразеология саласындағы бірқатар жұмыстардың мәдени бағытта зерттелуінде жатыр.

Ғылыми парадигманың өзгеруі фразеологиялық бірліктердің анықтамасының өзгеруіне ықпал етті. Фразеологиялық бірліктерді тек тілдік жүйенің бірлігі ретінде қарастырып келген «дәстүрлі» зерттеулерге қарағанда, когнитивті тұрғыда, фразеологизмдер тілдік құбылыс ретінде қарастырылады. Дәл осы когнитивті көзқарас шеңберінде фразеологиялық бірліктің мағынасы конструкция ретінде ғана емес, нақты ақпарат көзі ретінде қабылдана бастаған, тілдік код бірлігі ретінде қолданылады (Смағұлова, 2020).

Қорыта айтқанда, фразеологизмдер белгілі бір мәдениеттің тұрмысын, салт-дәстүрін, жалпы мәдениеті мен болмысын суреттейтін тілдік құбылыс болып келеді. Заманауи тенденцияға сай, фразеологизмдерді де, басқа ғылым салалары секілді когнитивті зерттеу әдістері бойынша, адам баласының танымдық ерекшеліктерін ескере отырып зерттеу өз жалғасын табуда. Себебі осы әдіс адам санасының қалай ұйымдасқанына, әлемді қалай танитынына, менталдық кеңістіктегі болып жатқан құбылыстарға зең қояды. Жоғарыда атап кеткендей, фразеологизмдер ұлттың мәдени айнасы болғандықтан, оны когнитивті лингвистика және лингвомәдениеттану салаларының аясында зерттеу басым болып келеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Қалиұлы Б. Фразеологизмдер неге біріктіріліп жазылды? <http://anatili.kazgazeta.kz/news/35155> 28.01.2016
2. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда. <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder21141/Verstka.pdf> – 2020. – 48, 51 б.
3. Ислам А. Лингвомәдениеттану: тіл мәдениет контекстінде <https://www.twirpx.com/file/3217063/> – 2004. – 24, 33, 205 б.
4. Кондубаева А.С. Лингвомәдени-таңбаланған лексиканың әлемнің тілдік бейнесінің қалыптасуындағы рөлі (қазақ және ағылшын тілдеріндегі тұрмыстық лексика негізінде) <https://www.ablaikhan.kz/images/content/science/dissertation/works/kondubayeva.a.s-com-ru.pdf>
5. Телия В.Н. Культурно-национальные коннотации фразеологизмов// Славянское языкознание. XI международный съезд славистов. М., 1993.-308 б.
6. Гусельникова О.В. Когнитивный аспект изучения фразеологии <https://cyberleninka.ru/article/n/kognitivnyy-aspekt-izucheniya-frazeologii>
7. Нурсеитова А.А. Ұлттық-мәдени сипаттағы фразеологизмдердің семантикасы (Ш.Құдайбердиев шығармалары негізінде) http://www.rusnauka.com/7_NITSB_2014/Philologia/7_162273.doc.htm
8. Жамбылқызы М. Қазақ және ағылшын фразеологизмдерінің зерттелу тарихы//ҚазҰУ Хабаршысы. <https://articlekz.com/kk/article/23406>

ПРАГМАСТИЛИСТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В ПОЛИТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ

Бигожаева А.Б. магистрант

Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан,
bota98.kz@mail.ru

Аннотация. В данной научной работе рассматриваются фразеологизмы в политическом дискурсе. Целью данного исследования является выявление прагматилистического аспекта фразеологизмов в речах политических деятелей. Автор данной работы исследует основные функции фразеологизмов и раскрывает прагматические особенности фразеологических единиц в разговоре, в которых они служат инструментом, используемым индивидами для достижения определенных коммуникативных целей. Научная новизна заключается в приведении сравнительно-сопоставительного анализа фразеологизмов в речах политиков. В заключении исследования будут выявлены основные особенности и функции фразеологизмов в политическом дискурсе.

Ключевые слова: фразеологические единицы, политический дискурс, положительная оценка, отрицательная оценка, слова- синонимы.

THE PRAGMATILISTIC ASPECT OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN POLITICAL DISCOURSE

Bigozhaeva A. B. Master's student

Kazakh Abylai Khan University of International Relations and
World Languages., Almaty, Kazakhstan,
bota98.kz@mail.ru

Abstract. This scientific work examines phraseological units in political discourse. The purpose of this study is to identify the pragmatilistic aspect of phraseological units in the speeches of politicians. The author of this work examines the main functions of phraseological units and reveals the pragmatic features of phraseological units in a conversation, in which they serve as a tool used by individuals to achieve certain communicative goals. The scientific novelty is in the comparative analysis of phraseological units in the speeches of politicians. In the conclusion of the study, the main features and functions of phraseological units in political discourse will be identified.

Key words: phraseological units, political discourse, positive assessment, negative assessment, synonyms.

САЯСИ ДИСКУРСТАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ПРАГМАСТИЛИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Бигожаева А.Б. магистрант

Абылай хан Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан,
bota98.kz@mail.ru

Аннотация. Бұл ғылыми жұмыста саяси дискурстағы фразеологизмдер қарастырылады. Бұл зерттеудің мақсаты - саяси қайраткерлердің сөйлеген сөздеріндегі фразеологиялық бірліктердің прагматилистік аспектісін анықтау. Бұл жұмыстың авторы фразеологиялық бірліктердің негізгі функцияларын зерттейді және сөйлеудегі фразеологиялық бірліктердің белгілі бір коммуникативті мақсаттарға жету үшін адамдар қолданатын құрал ретінде қызмет ететін прагматикалық ерекшеліктерін ашады. Ғылыми жаңалық-саясаткерлердің сөйлеген сөздеріндегі фразеологиялық бірліктерге салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасау. Зерттеу қорытындысында саяси дискурстағы фразеологиялық бірліктердің негізгі ерекшеліктері мен функциялары анықталады.

Түйін сөздер: Фразеологизм, саяси дискурс, оң бағалау, теріс бағалау, синонимдік сөздер.

В настоящее время в период глобализации, информатизации, когда растет вовлеченность в политику, актуальным становится понятие политического дискурса, его типологии и жанров, концептов политики, семантики и синтаксиса политических текстов. Исходя из прагматилистического и лингвокультурологического подходов, политический дискурс –

это мультимерный комплекс речевых действий в социальном, культурном и историческом пространстве, на достижение которого ориентируется выбор лингвистических средств, особую роль среди которых играют фразеологические единицы.

Основная часть: ныне существующий политический дискурс в своей части использует два вида фразеологических единиц:

а) обозначающие исключительно политическую проблематику (первое лицо, политика двойных стандартов, дипломатия большой дубинки, закулисные переговоры, предвыборная гонка, carrot-and-stick diplomacy, stand in elections, splintered party, peacetable, waroncoal) и

б) связанные с другими сферами жизни общества, социально-бытовые (выбраться из тупика, испытывать на прочность, двигаться в правильном направлении, бросать вызов, stand shoulder-to-shoulder, to meet the challenges, big-money donor, hit a nerve).

И нетрудно догадаться, что в количественном эквиваленте превалирует использование фразеологических единиц «социально-бытового» характера.

Возможно, это объясняется стремлением как русскоязычных, так и англоязычных изданий разбавить чисто политическую язык текстов более знакомыми и обиходными для простого читателя выразительными средствами, которые они легко могут вызвать из памяти.

Тойбастар - понятие этого термина усложняется тем, что у него сразу два смысла. Следует рассмотреть каждый из них по отдельности, прежде всего, *тойбастаром* называют песню, которую исполняет певец (исполнитель национальных казахских песен и поэт) в начале свадьбы, желая молодожёнам всяческих благ. Опять же, на русских свадьбах такой традиции нет, а значит и перевод у этого термина может быть лишь примерным и строго смысловым. Второе значение *тойбастара* также чрезвычайно популярно. Он означает подарки, которые раздают в конце свадьбы гостям в знак признательности и уважения к ним. [Кенжеахметулы Сейт-2006- 9-10]

В заключение хотелось бы сказать, что в данной научной работе наглядно указывается, что в основном прямая адаптация используется в сфере кулинарии и для деталей юрты, калькирование для пословиц и поговорок, а приблизительный перевод для обычаев и традиций.

ЛИТЕРАТУРА

1. Тасибеков Канат- Ситуативный казахский. Том 1- 2012.
2. Аккозин Мадат Акылбаевич- Қазақ мақал-мәтелдері. Казахские пословицы и поговорки-2017.
3. Влахов С. Непереводимое в переводе / С. Влахов, С. Флорин. – М. : Высшая школа, 1986. – 384 с

ӘӨЖ

ТУЫС ЕМЕС ТІЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ АУДАРМАДА ГЕНДЕРЛІК АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР

Рысбек А. Ж., 2 курс магистранты, мамандығы «М 056 - Аударма ісі»

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан
arookarysbekova@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада ағылшын тіліндегі шығармалардың орыс тіліне аудармасындағы гендерлік ерекшеліктері айқындалды. Тіл мен сөйлеу бірліктеріндегі гендерлік фактордың көрінісін зерттейтін гендерлік лингвистиканың қалыптасуы қарастырылды. Көркем әдебиеттегі кейіпкерлердің гендерлік айырмашылықтары анықталды.

Түйін сөздер: гендерлік фактор, гендерлік лингвистика, гендерлік аспект, сөйлеу бірліктері, концептуалды метафора.

ГЕНДЕРНЫЕ РАЗЛИЧИЯ В ПЕРЕВОДЕ МЕЖДУ НЕРОДСТВЕННЫМИ ЯЗЫКАМИ

Рысбек А. Ж., магистрант 2 курса, специальность «М 056 – Переводческое дело»

Казахский университет международных отношений и мировых языков им.Абылай хана,
Алматы, Казахстан
arookarysbekova@gmail.com

Аннотация. В статье раскрыты гендерные особенности перевода английских произведений на русский язык. Рассмотрено формирование гендерной лингвистики, изучающей проявление гендерного фактора в единстве языка и речи. Выявлены гендерные различия персонажей в художественной литературе.

Ключевые слова: гендерный фактор, гендерная лингвистика, гендерный аспект, речевые единицы, концептуальная метафора.

GENDER DIFFERENCES IN TRANSLATION BETWEEN UNRELATED LANGUAGES

Rysbek A.Zh., 2nd year Master's student «М 056 – Translation Studies»

Kazakh university of international relations and world languages named after Ablai khan, Almaty, Kazakhstan
arookarysbekova@gmail.com

Abstract. The article reveals the gender features of the translation of English literature into Russian. The article considers the formation of gender linguistics, which studies the manifestation of the gender factor in the unity of language and speech. Gender differences of characters in fiction are revealed.

Keywords: gender factor, gender linguistics, gender aspect, speech units, conceptual metaphor.

Қазіргі таңда гендерлік айырмашылықты зерттеуге қызығушылық танытып жүрген аудармашылар саны артып келеді. Көркем шығармалардың мәтіндерін аударудың күрделілігі әр сөздің өзіндік ерекшелігінде. Бұл жазушының жинақтағы сөздердің тікелей мағынасын айтудан гөрі, оқырманның ойы мен сезімі мен қиялын жұмыс істеуге мәжбүр ететін қабілет. [1. С. 335].

Лингвистикадағы заманауи гендерлік зерттеулер үш проблемалық блокқа бағытталған:

- ерлер мен әйелдер тілдерінің әлеуметтік жаратылысы,
- ерлер мен әйелдердің сөйлеу, мінез-құлқының ерекшеліктері,
- гендерлік аспект бойынша ұғымдарды зерттеу.

Ең алдымен, ерлер мен әйелдердің әртүрлі мәдениеттер мен тілдерде сөйлеу ерекшеліктері

сипатталған.

Тіл мен сөйлеу бірліктеріндегі гендерлік фактордың көрінісін зерттейтін гендерлік лингвистиканың қалыптасуы қоғамның әртүрлі аспектілерінде жеткілікті түрде көрінетін жыныстар арасындағы айырмашылықтар тілдік қарым-қатынас процесінде де ерекше жүзеге асырылатындығын түсінудің қисынды нәтижесі болды. Айта кету керек, егер ең басында гендерлік лингвистиканы зерттеу объектісі ретінде әр түрлі жыныстағы өкілдердің сөйлеуін талдау аспектісінде гендерді бейнелеу проблемалары болса, онда осы кезеңде оның мүдделері шеңберіне тілдің адам қызметінің барлық түрлерімен байланысы туралы әртүрлі сұрақтар кіреді.

М. В. Пименованың көзқарасы бойынша « әлемнің тілдік бейнесінде ішкі әлем ұғымдарының жынысы бойынша саралануы жазылған. Концептуалды метафораларды ішкі әлемге ауыстыру тек әйелдерге немесе еркектерге ғана қатысты ұғымдардың ерекше біліктілік белгілерін ескереді» [2]

В. Поллактың пікірінше, « гендер-бұл біз көріп, істеп жатқан нәрсе емес, гендер ол – өзіміз. Гендерлік тәжірибе-бұл ерте естеліктерден, өзгермелі әсерлерден, үміттерден, қорқыныштан, тұратын бейсаналық доп секілді, ол ешқашан саналы функциялардың, мінез-құлық түрлерінің немесе рөлдердің шектеулі жиынтығына дейін төмендетілмейді және төмен болмауы керек» [3]

Әйгілі амеркандық жазушы Эрнест Хемингуейдің «Шал мен теңіз»(The Old Man and the Sea) шығармасындағы гендерлік аспекті қарастырайық.

Эрнест Хемингуэй 1950 жылдардың басында «Шал мен теңіз»(The Old Man and the Sea) әңгімесін жазды, оның сюжеті, шарықтау шегі және аяқталуы бар, үш бөлімнен тұратын туынды. Басты кейіпкерлері өмірде үлкен тәжірибесі бар, үмітті бейнелейтін «Шал мен теңіз» әңгімесі бір адамға — Сантьягоға арналған. Бірақ сюжетті түсіну үшін бала маңызды рөл атқарады. Әңгіме - кейіпкердің теңізге саяхаты және үйге оралуы туралы. Оның дәстүрлі үш бөліктен тұратын құрылымы бар: кейіпкердің сюжетке енуі; оқиғалардың дамуы және алып балықпен күресу шарықтау шегі; акулалармен шайқаста жеңілгеннен кейін үйге оралуы. Бұл шығармада гендерлік ерекшелік кейіпкерлерді бейнелеу арқылы көрінеді.

Гендерлік айырмашылыққа келсек «балықшы» сөзін естісек көз алдымызға елестейді, яғни ер адамға тән сөз. Сондай-ақ «шал» сөзінен, егде жастағы ер адам елестетеміз. «Fish» сөзін грамматикалық тұрғыдан қарастырсақ, ағылшын тілінде жансыз дүниелерге және жануарларға қолданылатын «It» есімдігін қолданамыз. Ал орыс тілінде «рыба» (ж.р.) әйел адамға тән жалғау жалғанады.

1. *"I am a strange old man."*
2. *Я - не обыкновенный старик.* (Е. Голышева, Б. Изаков)
3. *Мен - елден ерек шалмын.* (Н. Фабдуллин)

Бұл жерде «strange» сөзі қазақ тіліне аударғанда «біртүрлі», орыс тілінде «странный» болғанымен аудармашы оқырманға сыпайы түрде «елден ерек» , орыс тіліндегі аудармасында «не обыкновенный» деп жеткізген. Яғни сын есімдердің көрінісі әр тілде, әр мәдениетте өзіне тән ерекшеліктері бар.

1. *He did not remember when he had first started to talk aloud when he was by himself.*
2. *Старик уже не мог припомнить, когда он впервые стал разговаривать сам с собой вслух.* (Е. Голышева, Б. Изаков)
3. *Ол осылай өзімен-өзі сөйлесуді қай кезден бастап дағды еткенін есіне түсіре алмады.* (Н. Фабдуллин)

Үзіндіге грамматикалық тұрғыдан қарасақ, түпнұсқада “He” ағылшын тілінде ер адамға тән есімдік, яғни ер адам екені анық білінеді. Орыс тіліне аудармасында “Старик” – ер адамға тән. Ал қазақ тіліндегі аудармаға келсек “Ол” жалпы ер балаға да, қыз балаға да қолданылатын есімдік. Орыс тіліндегі аудармасында ердің көркем бейнелері, сондай-ақ белгіленген сюжеттік желілер жеткілікті түрде берілген: аттар мен мінез-құлық сипаттамалары кейіпкерлердің ер адамдар екені анық сақталған.

Гендер теориясының көмегімен көркем әдебиеттің аудармаларын басқаша түсіндіруге болады, онда авторлардың гендерлік қатынастар туралы көзқарастары айқын және терең

бейнеленген. Сонымен қатар өзімізге әйгілі Уильям Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» туындысынан Ромео мен Джульеттаның сөйлеу мәнерін қарастырайық.[9]

Ромео	Джульетта
O, she doth teach the torches to burn bright! It seems she hangs upon the cheek of night Like a rich jewel in an Ethiop's ear – Beauty too rich for use, for earth too dear! So shows a snowy dove trooping with crows As yonder lady o'er her fellows shows. The measure done, I'll watch her place of stand And, touching hers, make blessed my rude hand. Did my heart love till now? Forswear it, sight! For I ne'er saw true beauty till this night.	Good pilgrim, you do wrong your hand too much, Which mannerly devotion shows in this; For saints have hands that pilgrims' hands do touch, And palm to palm is holy palmers' kiss.

Бұл үзіндіні лексикалық тұрғыдан қарасақ, Ромео Джульеттаның келбетін сипаттау үшін Ромеоның сөйлеу мәнеріне көңіл аударсақ, әйел адамды баурайтындай метафораны жиі қолданады. Мысалы, she doth teach the torches to burn bright! It seems she hangs upon the cheek of night. Орыс тіліне аудармасы :

«Ее сиянье факелы затмило.

Она, подобно яркому бериллу

В ушах арапки, чересчур светла

Для мира безобразия и зла.»

Джульеттаның сөйлеу мәнерін лексикалық тұрғыдан қарастырсақ, теңеу сөздерді, одағайды жиі қолданады. Оны мына үзіндіден байқасақ болады «**Ay, pilgrim**, lips that they must use in pray'r.»

У. Шекспирдің драматургиясында “ер” және “әйел” ұғымдарына жүгінудің әртүрлі құралдары бар. Оның пьесаларының ерекшеліктеріне “әйел” ұғымының әркілі түсіндірмесі де кіреді. Әйелге тіл арқылы берілген белгілер (фразеологизмдер, ситуациялық-жалпылама тұжырымдар) мен Шекспир пьесасының сюжетінде жүзеге асырылатын белгілер арасындағы кейбір сәйкестіктермен анықталады. Бұл Шекспирдің жеке құндылықтар жүйесінде “әйел” ұғымының үлкен мәнге ие болуымен байланысты.

Шекспир	Б.Пастернак	А.Радлова
Prince. Rebellious subjects, enemies to peace, Profaners of this neighbour-stained steel-Will they not hear? What, ho! you men, you beasts, That quench the fire of your pernicious rage With purple fountains issuing from your veins!	Князь. Изменники, убийцы тишины, Грязнящие железо братской кровью! Не люди, а подобия зверей, Гасящие пожар смертельной розни Струями красной жидкости из жил!	Князь! Вы, непокорные враги покоя, пятнающие кровью ближних сталь, Меня не слышите? Вы люди-звери, Гасящие огонь смертельной злобы Багровыми струями ваших жил,

Romeo: She hath, and in that sparing makes huge waste; For beauty, starv'd with her severity, Cuts beauty off from all posterity. She is too fair, too wise, wisely too fair, To merit bliss by making me despair. She hath forsworn to love, and in that vow Do I live dead that live to tell it now. <i>Ben.</i> Be rul'd by me: forget to think of her. <i>Romeo.</i> O, teach me how I should forget to think!	Ромео: Увы, дала и справится с задачей. От этой девы и ее поста Останется в потомстве пустота. Она такая строгая святая, Что я надежд на счастье не питаю, Ей в праведности жить, а мне конец Я не жилец на свете, я мертвец. Бенволио: Советую, брось помыслы о ней. Ромео: Так посоветуй, как мне бросить думать.	Ромео: Да, скупость выжжет, как в пустыне, цвет Ее красоты, что строгость истощает И цвет потомства жизни не узнает. Она умна, красива через край - Моим отчаяньем заслужит рай; На горе мне клялась любви не знать. Хоть мертв, живу, чтоб это повторять. Бенволио Вам мой совет: не думайте о ней. Ромео О, научи, как разучиться думать!
--	---	---

Берілген аудармаларда екі аудармашы да Ромеоның кейіпін ер адамға тән ерекшеліктермен түрлендірген. Туындыдағы Ромеоның образы жақсы, білімді және тәрбиелі ғашық жан. Аудармашылар осы ерге тән қасиетті толық жеткізген.

Қорытындыға келсек көркем шығармалардың тілі сапалы аударманың кепілі болып табылады. Гендерлік аспект трансформацияның белгілі бір жиынтығын қолдана отырып аудармада көрсетілуі мүмкін. Алайда, түпнұсқа мен аударма мәтінінің семантикалық ортақтығын, сондай-ақ түпнұсқаның көркемдік әсерін сақтайтын тиісті аударма жасау үшін аудармашы жұмыстың гендерлік компонентін беру кезінде өте мұқият болуы керек.

ӘДЕБИЕТ

1. Федоров, А.В. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы). СПб.: Филол. фак. СПбГУ; М.: ФИЛОЛОГИЯ ТРИ, 2002.416 с.

2. Пименова М.В. Гендерные признаки концептов внутреннего мира человека // Mentalitat . Konzept. Gender. – Landau, 2000.

3. Pollack, 1995 - Pollack, William S. Deconstructing Dis-Identification: Returning Psychoanalytic Concepts of Male Development// Psychoanalysis and Psychotherapy, 1995.- 12.- P. 37.

4. А.В. Кириллина Гендер и язык ЛитРес: Языки Славянской Культуры, 2017. 830 стр

https://www.bookfrom.net/ernest-hemingway/31948-the_old_man_and_the_sea.html

Перевод Е. Голышевой и Б. Изакова. Э.Хемингуэй. Собрание сочинений. М., Художественная литература, 1968, т. 4, сс. 219-290. OCR: Проект «Общий Текст» («TextShare»)

Э.Хемингуэй «Шал мен теңіз» Астана: Аударма, 2002. — 370 б. Қазақ тіліне аударған: Ғабдуллин Нығмет.

Перевод Анны Радловой. Вильям Шекспир. Избранные произведения .Редакция текста, вступительная статья и комментарий А. А. Смирнова. Государственное издательство «Художественная литература», Л., 1939 OCR Бычков М.Н.

Ласточкина И., Нагорная Н. Образ женщины в картине мира носителя английского языка. — Новгород, 2003. – С. 14-17.

Б. Пастернак о трагедии «Ромео и Джульетта», из статьи «О Шекспире», изд. 1990

http://www.romeo-juliet-club.ru/shakespeare/romeojuliet_english.html

УДК

МЕДИА ДИСКУРС: ЖАҢАЛЫҚТАРДЫ АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мырзахмет М.М.
2 курс магистранты
Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ,
Алматы, Қазақстан
malika_009@bk.ru

Аңдатпа. Қазіргі уақытта аударма саласындағы көкейкесті мәселелердің бірі – жаңалықтарды аудару. Аталмыш мақалада орыс, ағылшын тіліндегі жаңалықтарды қазақ тіліне аудару және де аударманың адекватты түрде аударылғандығына анализ жүргізіледі. Мақалада А. Н. Злобин және А. В. Пузаковтың, Л.В. Пумпянскийдің теориялық көзқарасы қолданылады. Бұл жаңалықтар легін аударудағы басты критерийлерді ескеруге және трансформацияның орынды қолданылуын қадағалауға септігін тигізеді.

Түйін сөздер: ғаламтор, аударма үрдісі, телевизия, мәнмәтін, реалий сөздер, жаңалықтар блогы

МЕДИА ДИСКУРС: ПРОБЛЕМА ПЕРЕВОДА НОВОСТЕЙ

Мырзахмет М.М.
Магистрант 2 курса
КазУМОиМЯ им. Абылай хан
Алматы, Казахстан
malika_009@bk.ru

Аннотация. Перевод новостей на сегодняшний день является актуальной темой в области перевода. В данной статье будут анализироваться переводы новостей, которые были переведены с русского и английского языка на казахский язык. В статье будут использоваться теоритические взгляды А. Н. Злобина, А. В. Пузакова, Л.В. Пумпянского. Это является помощником при контроли главных критерий и насколько трансформации использованы уместно.

Ключевые слова: интернет, процесс перевода, телевизия, контент, реалий, новостной блог

MEDIA DISCOURSE: PROBLEMS OF TRANSLATING NEWS

Myrzakhmet M.M.
2nd year master's student
Ablai khan KazUIR&WL
Almaty, Kazakhstan
malika_009@bk.ru

Annotation. Translation of news today is one of the actual topic in the field of translation. This article will analyze the translations of news that have been translated from Russian and English into Kazakh. The article will contain the same theoretical views of A.N. Zlobin, A.V. Puzakov, L.V. Pumpyansky. This is an assistant in the way of controlling the basic criteria of the transformation efficiency indicator.

Key words: internet, translation process, television, content, realies, news blog

Мақала мақсаты – қазақ телевизиясында ең күрделі де, аса маңызды блоктардың бірі болып табылатын жаңалықтар блогын аудару мәселелері, оның мәдениетаралық қатынастағы қажеттілігі мен ерекшеліктерін зерделеу туралы ғылыми зерттеу жұмысы жүргізілетін болады.

XXI ғасыр – ақпараттық-сандық технологиялардың қарқынды дамып, ал телевизия саласының заман талабына сай болып келе жатқан кезеңдерінің бірі. Қазіргі таңда қазақ телевизиясы түрленіп, жандану процесінде. Бұл үдерістің қиыншылықтары да, жетістіктері де мол екені анық. Қазақ телевизиясы – әрқашан өте көкейкесті, қызығушылық танытатын тақырып. Қазіргі уақытта қазақ тіліндегі арналардың саны артып келеді. «Қазақстан Телерадио корпорациясының» тапсырысы бойынша аударылатын мәтіндер телевизия саласындағы алғашқы жетістіктің бірі болды. Басында қазақ тіліне орыс тіліндегі бағдарламалар аударылып, кейіннен ағылшын, неміс тіліндегі бағдарламалар да аударыла бастады. Уақыттың еншісіне

салатын болсақ, айналамызда түрлі жағдаяттар орын алып, күнделікті өмірдегі ерекшеліктер жаңалықтардың соңғы легіне айналуға. Шарайнада болып жатқан көкейкесті мәселелер: коронавирус індеті, әлеуметтік жағдайлар, кісі өлімі, саяси дағдарыс, экономикалық құлдырау – төрт дүркін әлемді де, журналисттер мен аудармашылардың ісін сәл болса да қиындатты.

Жаңалықтар әлемде болып жатқан жағдайдардың негізінде тізгінделіп, бұқараның алдына ұсынылады. Қазақстанда тек телехабарлар ғана емес, ғаламтор төріне шығатын жаңалық порталдары, радио арналардың да жұмысы елді қапы қылмайды. Бірі жаңадан түскен жаңалықты ғаламтор не болмаса әлеуметтік желі порталдарынан білсе, енді бірі көлікте радиодан құлақдар, екіншісі теледидардан қарап жатады. Әрбіреуінің алдына қойған мақсаты – тез әрі сапалы мәнмәтінде қазақ не орыс тіліндегі жаңалықты ұсыну.

Қазіргі таңда ғаламтор мен әлеуметтік желі дамыған заманда жаңалықтардың ел құлағына тез жетуі өте маңызды. Instagram желісі – көптің сұранысына ие әрі ақпаратты тез тасымалдайтын әлеуметтік желілердің бірі. Қазақ телевизиясы, жаңалықтар блогы және газеттік мақалалар бір мезетте электрондық, сандық жүйеге алмасты десек болады. Теледидар алдында отырған көрермен де қазір көбінесе ғаламтордағы жаңалықтарды қызыға оқуға кірісуде. Ал ғаламтордағы жаңалықтарға арналған мәтіндерді аударудың ерекшелігі неде?

Біріншіден, мәтіндердің барлық жанрлық-тақырыптық түрлері газет, журнал, радио және теледидар бағдарламаларында және ғаламторда кездеседі. Алайда, жанрды анықтайтын сипаттамалар, әдетте, бұқаралық ақпарат құралдарында үздіксіз сақталады. Сол аң алуан ақпараттардан, мысалы, аналитикалық шолу, түсініктеме, пікірталас немесе сұхбаттардан, жаңалықтар материалдары әрдайым өзгеше болады (теледидар мен радио жаңалықтарында сұхбат немесе түсініктеме жаңалықтар бағдарламасының ажырамас, дәлірек айтқанда «қосылатын» бөлігі болуы мүмкін).

Екіншіден, аударманың ерекшелігі қалыптасқан тілдік норма, цензура және мәнмәтіндік, сонымен қатар стилистикалық дағдылардың сақтала отырып аударылуында жатыр. Аударма ісі өзінің жан-жақтылығымен бірге мәдениетаралық қатынастың негізін құрайтын бір түрі ретінде қарастырылуы қазіргі таңдағы аударматануда орын алған көзқарас [1, 205]. Аударма – бір тілден екінші тілге алмастыру ғана емес, тарихи және мәдени құндылықтарына назар аудара отырып, бір тілден екінші тілге бейімдеу. Жаңалықтарды аудару конструкциясы үш сатылы кезеңнен тұрады: 1) мәтінді зерттеу; 2) мәтінді түрлі трансформациялық құралдары пайдалану арқылы аудару; 3) дайын мәтінді ұсыну. Бұл үш сатылы кезең ақпараттық мәтінді сапалы түрде аударуға бағытталған және семантикалық, морфологиялық және грамматикалық дағдыларға сүйенеді. Осы тұжырымның нақты көрінісі ретінде А. Н. Злобин және А. В. Пузаковтың көзқарасын келтіруге болады: «Ғаламтор төріндегі жаңалықтар семантикалық жағынан қарастырылып, бұқара халықтың алдында қатесіз әрі сапалы түрде болуы керек» деген [5, 154-165 б]. Осы тұрғыдан қарағанда, жаңалықтарды аудару – экспрессивті лексиканың қолданылуына қарама-қайшы дүние болып көрінуі мүмкін.

Жаңалықтардың өзіндік аударма құрылымы бар. Мәселен, газет не журнал бетіне жарияланатын материалдар өзіндік таптаурындарға ден қойыла аударылады. Оның ішінде цензураның, эмоционалды-экспрессивтінің пайдаланылуы, тілдік нормалардың сақталуы, мәдениетаралық қарым-қатынас мәнмәтініндегі басты критерийлер де бар. Жаңалықтарды аударуда аталмыш таптаурындар өте маңызды рөл атқарады. Ағымдағы уақытта қазақ тілді сайттар және әлеуметтік желі арналары бар. Мысалы: Tengrinews, Stan Kz, ZTB KZ, 365 INFO. Қателіктер стилистикалық, грамматикалық және семантикалық деңгейде кездеседі. Жиналған ақпаратты трансформациялау мен локализациялаудың қазақ тіліндегі қызу талқыға түскені аудармашылар қауымын біраз терең ойға шомып, қателіктерді жоюдың бастауы болды. Публицистикалық, БАҚ мәтіндерін аудару көркем аудармадан кейінгі ең күрделі үдерістердің бірі екені белгілі. Оның қиындықтарын аударылатын атаулармен бірге аударылмайтын атаулардың болуы құрайды. Аударылмайтын атауларға жер-су атауы, тарихи атаулар, салт-дәстүрге байланысты сөздер, сонымен қатар, архаизмдер мен неологизмдер жатады.

Жаңалықтар тақырыбы мен мазмұнына қарай өздерінің стилистикалық жағынан өзгеше, сондықтан бұл – ақпараттық бағдарламаларды аударудағы бірден бір ерекшелігі. Ақпараттық бағдарламаларды, соның ішінде жаңалықтар легін аудару, мәдени және тілдік факторларға бейімделіп, ғалым Л.В. Пумпянскийдің бөлуі бойынша аударма мынадай санаттаумен жүзеге асырылады:

1. Лексика. Техникалық бағыттағы сөздіктер мен глоссарийлерді пайдалану. Сөздер функционалды тұрғыдан алынады, яки толығымен мағыналық жағынан пайдаланылады.

2. Грамматика. Жазба тіліндегі қатаң нормалардың орындалуы. Түсінік бойынша (сөйлем мүшелерінің орын тәртібі, сөйлемнің дұрыстығы), сөйлемнің де қажетті тәртіппен пайдаланылуы. Көбіне салалас-құрмалас сөйлемдердің жиынтығы.

3. Мәліметті мазмұндау. Берілген мәліметтердің, қандай тіл болмасын, толықтай берілуі. Бұл техникалық аударманың басты мақсаттарының бірі. Ақпарат оқырманға түсінікті әрі ыңғайлы болуы керек. [6, 344 б]

Ақпараттық бағдарламаларда реалия сөздер жиі кездесетіні анық. Реалия сөздер (ұлттық ерекшеліктер атауы) дегеніміз – ұлттық топты, әлеуметтік ортаның ерекшелігін құрайтын заттар, құбылыстар, салт-дәстүрлер атаулары. Оған қысқартылған сөздер, яғни аббревиатуралар, басқа тілде баламасы жоқ сөздер мен сөз тіркестері жатқызылады. Реалия сөздер бұқаралық ақпарат, әдеби аударма мен сайт аудармаларында да кездеседі. Медиа мәтіндердің басқа тілге, соның ішінде қазақ тіліне және қазақ тілінен аударылуы, атап өткен ерекшеліктерге де негізделеді.

Мұнымен медиасаласындағы ақпараттық аударманың саналуан ерекшеліктері шектелмейді. Кейбір аударманың мәнмәтіндік және стилистикалық тұстары түпнұсқаға дөп басып түсе бермейді, сол себепті кейбір аударманың мағынасы да жоғалуы мүмкін. Түсінбестіктің басы кейде сайт оқырман мен тұтынушылардың наразылығын тудырып, екі оттың арасында май құйғандай қылады. Бұл аудармашының мұқият болмағаны мен өз ісіне немқұрайлы қарағанының себебі. Нысанаға дөп басып түсу – кейде аудармашының қолынан келе бермейтін, қиындық туғызатын жағдайлардың бірі. Неліктен десеңіз – кейбір сөздерді ешбір сөздік пен қосымша оқу құралдарын пайдаланбаудың нәтижесі. Аудармашы өзінің кәсіби шеберлегімен асып түсуді ғана емес, аударманың сапалы әрі құлаққа жағымды болуын да ойлағаны жөн. Осы тұрғыда назар аударарлық маңызды мәселе – мәнмәтін.

Аудармаға тоқталатын болсақ: Мәтінді тиянақтау мәлімдеменің артық элементтерін, мәтіннен және тілден тыс жағдайдан толтырылған элементтерді, сондай-ақ пайдалану « [2, 215-230 б]. Компьютерлік техниканың дамуы мен мәтінді сығып, қысқартудың лингвистикалық тұжырымдамасы, сонымен қатар мәтіннің семантикалық көлемін техникалық және семиотикалық тұрғыдан қысқартуды қамтитын техникалық ұғым пайда болды. Жаңалықтар блогын аударуда жоғарыда атап өткен реалия сөздердің аударма тіліндегі көрінісі, цензура, тілдік бірізділіктің орынды пайдаланылуы да басты критерийлер болып есептеледі. Түпнұсқа мәтінді аударылып отырған жергілікті тілге бейімделуін мәнмәтін аясында қарастыратын болсақ:

Түпнұсқа	Аударма
<i>Конфликт между Азербайджаном и Арменией начался в феврале 1988 года и был вызван вопросом принадлежности Нагорного Карабаха, объявившего о выходе из состава Азербайджанской ССР.</i>	Таулы Қарабақ қақтығысы - бұл негізінен этникалық армяндар тұратын Таулы Қарабақтың даулы аймағына және бірінші Таулы Қарабақ соғысы кезінде шығарылғанға дейін негізінен әзірбайжандар мекендейтін жеті көрші аймаққа байланысты Армения мен Әзірбайжан арасындағы этникалық және аумақтық қақтығыс.
<i>Конфликт между Азербайджаном и Арменией начался в феврале 1988 года и был вызван вопросом принадлежности Нагорного</i>	Қақтығыс 20 ғасырдың басында басталады, дегенмен қазіргі қақтығыс 1988 жылы Қарабақ армяндары Қарабақты Кеңестік Әзірбайжаннан Кеңестік Арменияға беруді талап еткен кезде басталды.

Карабаха, объявившего о выходе из состава Азербайджанской ССР. https://tass.ru/info/8979501 <i>Ситуация в зоне нагорнокарабахского конфликта</i> 16.07. 2020, 14:21 [7]	https://www.ktk.kz/kz/newsfeed/article/2020/09/27/159778/ Жариялым уақыты 14:48 27.09.2020 [8]
---	---

Түпнұсқа мәтіні Әзірбайжан және Армения арасындағы қақтығысты баяндайды. Бұл жаңалық Ресейлік ТАСС (ИТАР ТАСС) арнасының ресми сайтында жарияланған және қазақ тіліне «КТК арнасының» тапсырысымен аударылған.

Мысалы: **Қақтығыс** 20 ғасырдың басында басталады, дегенмен қазіргі **қақтығыс** 1988 жылы Қарабақ армяндары Қарабақты Кеңестік Әзірбайжаннан Кеңестік Арменияға беруді талап еткен кезде басталды. Бұл сөйлемде екі рет қайталанған қайталама сөздер бар, бұл жерде аудармашы тавтологияны пайдаланған, бұл қате болып табылады. Сөйлеу мәнерінде тавтологияның болуы аударманың аудиторияға дұрыс жеткізілмеуінің бірден бір себепшісі болуы мүмкін. Бұл жерде синоним қолдану арқылы аударманы жүзеге асырған дұрыс. Аудармаалды талдауды жасай отырып, этно- және тарихи деректерді ескергеніміз жөн. Ол үшін бұл қақтығыстың хронологиялық кестесін алдымен жасап алып, қарама қарсылас жақтардың іс-әрекеттері мен қатынастарының хронологиялық тұрғыда қарастыру аударманың объективті болуына ықпал етеді деген ойдамыз.

Аударманың адекватты түрде халыққа жеткізілуі – басты мақсат. Мәтін саяси қақтығыс және этно-мәдени дискуссияның басты нысаны болып табылады, сондықтан стилистикалық және семантикалық жағынан өзіндік ерекшелігі бар. Ерекшелік – бір тілден екінші тілге алмастыру ғана емес, мәтінді аударатын тілдің мәдени және тілдік дағдыларына бейімдеу.

Түпнұсқа	Аударма
QazVac vaccine nears halfway point in phase three clinical trials • 14.04.2021, 17:23 • informburo.kz • 1. <i>The first half of the third phase of clinical trials of the Kazakh domestic coronavirus vaccine will be completed on April 15, the country's Vice Minister of Education and Science Miras Daulenov announced. 3,000 volunteers are participating in the study. Some of them were immunized with the vaccine itself and the rest are the placebo recipients. At the end of trials, everyone will be tested. A performance report will be prepared based on the results.</i>	Отандық вакцина қашан қолданысқа енеді? • 14.04.2021, 16:02 • 24kz • 1. <i>Коронавирусқа қарсы қазақстандық вакцинаның клиникалық зерттеулері үшінші кезеңінің алғашқы жартысы 15 сәуірде аяқталмақ. Бұл туралы Білім және ғылым вице-министрі Мирас Дәуленов мәлімдеді. Еске салсақ, сынаққа 3 мың ерікті қатысуда. Егілгендердің бір бөлігі вакцинаның өзімен, ал қалғандары плацебомен иммундалды. Сынақ аяқталғаннан кейін барлығынан талдау алынып, препараттың тиімділігі туралы есеп дайындалатын болады.</i>
• 2. <i>“Everything is held according to the protocol approved by the Health Ministry. The trials are carried out in clinics that have the GCP certification in Almaty and Taraz. Every week, all volunteers report their health status to doctors; they regularly come to clinics to be monitored by physicians. Volunteers are tested for both virus-specific and neutralizing antibodies. We must</i>	• 2. Мирас Дәуленов, ҚР Білім және ғылым вице-министрі: - Барлығы Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен хаттамаға сәйкес штаттық түрде жүріп жатыр. Зерттеулер Алматы және Тараз қалаларындағы клиникаларда жүргізілуде, олардың тиісті ДжсиСиПи сертификаттары бар. Еріктілер

<i>understand that in accordance with the clinical trial protocol and the requirements of the Health Ministry and the World Health Organization, there are certain deadlines for conducting them. Phase three clinical trials take no less than 180 days to complete. We all need to be patient and wait for the final results,” said Miras Daulenov, Kazakh Vice Minister of Education and Science.</i> 3. <i>“50,000 doses of the vaccine have been produced. They’re now passing quality control. On April 25-27 they will be shipped to the SK-Pharmacy warehouses,” said Kunsulu Zakarya, Director General, Research Institute for Biological Safety Problems. QazVac was the 14th vaccine in the world to reach the third phase of clinical trials. In total, the WHO lists more than 260 COVID-19 vaccine candidates. Overall, Kazakhstan allocated 2.5 billion tenge (US\$5.7 million) for the development and research of coronavirus drugs. Domestic scientists are now working on five vaccines.</i> [9] •	денсаулықахуалы туралы дәрігерлерге аптасайын хабарлап, клиникаларға барып тұрады, яғни, дәрігер бақылауына алынған. Олардан вирусқа тән антиденелерге, бейтараптандыратын антиденелерге сынамалар жасалады. Клиникалық зерттеулер хаттамасына және Денсаулық сақтау министрлігінің, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының талаптарына сәйкес, клиникалық зерттеулер жүргізудің белгілі бір мерзімдері бар. Үшінші фазасына кем дегенде 180 күн беріледі. Сондықтан нақты нәтижесін күту маңызды. 3. Күнсұлу Закария, Биологиялық қауіпсіздік мәселелері ғылыми-зерттеу институтының бас директоры: - Бұл вакцинаның 50 мың дозасы институттың ішінде дайын тұр. Дайындалған, флаконның ішінде тұр. Қазіргі уақытта 50 мың доза вакцина бақылау, зерттеулерден өтіп жатыр. 25-27 сәуір аралығында бұл вакциналар «СҚ Фармация» қоймаларына жеткізіледі. Айта кету керек, QazVac – клиникалық зерттеулердің үшінші кезеңіне жеткен әлемдегі 14-ші вакцина. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының тізімінде коронавирусқа қарсы 260-тан астам кандидаттық вакцина бар. Жалпы Қазақстанда антиковидті препараттарды әзірлеуге және зерттеуге 2,5 млрд теңге жұмсалды. Қазір отандық ғалымдар бес вакцинамен жұмыс істеуде. Авторы: Гүлбану Тәжібек [10]
--	---

Кезекті жаңалық Qazaq TV арнасының ресми сайтынан алынған. Жаңалықтар айдарынан алынған мысалда қысқартылған сөздер, термин сөздер пайданылған. Аударма ісіндегі маңызды мәселе терминдердің аудармасына байланысты. Жоғарыдағы аудармасы жиі қолданылатын сөздердің қатарына қоса келгенде, терминдер деп қабылдап жүрген тілдік бірліктердің өзін іштей топтап алған да орынды. Оны шамамен терминдер, құжат лексикасы, кәсіби сөздер сияқты топтарға бөлуге болады. Жаңалықтардың мәнмәтіні бір болса да, атауларында айырмашылық бар. Мәселен, түпнұсқада нақтылау әдісі қолданылса аударма нұсқасында отандық вакцинаның қай кезде және қалай пайдаланылатыны жайлы аударма беріліп отыр. Бұл тақырыптың оқырманды қызықтыру үшін жасалатын амал десек те болады, бірақ аударманың нақты берілуі әлдеқайда дұрыс.

Мәтінде терминдер бар, соның бірі *placebo recipients* – аудармасы плацебо иммуналды деп аударылған. Транскрипциялық аударма әдісі пайдаланылғандықтан аударма қазақ тіліне бейімделе аударылған. Терминологиядағы аударма мәселесінің өзекті болып отырғандығы мәлім. Бұл бағытта қазіргі таңда екі түрлі көзқарастың қалыптасып, терминдерді аудару мен аудармауға байланысты түрлі түсініктер мен ойлар барлығы жасырын емес. Сондықтан терминдерге

қатысты ойлар жеке тоқталуды қажет етеді. Терминдердің аударылуына қатысты көзқарастардың бір тобы терминдердің аударылуын қолдаса, екінші тобы кереғар пікірін айтып шамдануда, олардың айтуынша терминдер аударылмауы керек [3, 29-35 б.]. Бұл жеке адамдардың емес, дұрыс аударылмаған терминдердің салдарынан туындаған қоғамдық көзқарас. Расын айтқанда, соңғы бағытты қолдаушылардың пікірі мен аударма теориясын сайттарда қарастырып көрейік. Терминдерді аударуға қарсы болушылар тілдердің арасындағы мәдени, ғылыми-техникалық байланыстың болуы үшін ортақ ғылыми ұғымдардың, атаулардың тілдерде өмір сүруі қажет болып табылады екен. Яғни ғылыми түсініктік үшін де осы бағыттағы терминдердің болғаны жөн сияқты. Ақпараттық мәтіндерді аударудың ерекшелігі - газет-ақпараттық хабарламаның тақырыптары мен құрылымын беру кезінде айқын көрінеді, бұл оларды егжей-тегжейлі қарастыруды қажет етеді. [4, 203 б.].

Жаңалықтарда Мирас Дәуленовтің сұхбаты және оның айтылған ойы да қолданылған. Қазақ тіліне аударылған аудармада министрдің айтқанын халыққа толығымен әрі нақты түрде жеткізілуі үшін аудармашы лексикалық және грамматикалық трансформацияны қолдану арқылы аударған. *CGP certificates* сөзінің аудармасы *ДжисуПи сертификаттары* деп транскрипциялық аударма жолымен аударылған. Негізі бұл атауды ана тілімізде жергілікті тілге бейімдеу әдісі арқылы аударған жөн. Сертификаттың атауын нақты берген дұрыс, бұқара халық сертификаттың түрін және оның қандай маңыздылығы бар екенін түсінуі керек. Күнсұлу Закарияның сұхбатында аудармашы терминдерді және атауларды, сонымен қатар берілген статистикаларды нақты және деректерге сүйене отырып өте сапалы аударған. Дегенмен, түпнұсқада Мирас Дәуленовтің және Күнсұлу Закарияның айтқандары дәйек ретінде қалса, қазақ тілінде толықтай аударылып, пассивті етіс арқылы аударылған.

Мақалалар мен ақпараттық хабарламалардың тақырыптары көбінесе оқырманның назарын аударуға, мәтіннің мазмұны мен тоналдылығы туралы алдын-ала хабардар етуге, мәтінді оқу барысында оқырманды қабылдауды ұйымдастыруға қызмет етеді. А. Ф. Архипов аударманы жүзеге асыруға дейінгі кезеңді және тақырыптарды нақты аудару үрдісін өзіндік жолмен жіктеген болатын [12, 205 б.]. Біріншісі мәтіннің мазмұнына байланысты тақырыптың ағымдағы мазмұнын анықтауды, оның нақты функционалды бағытын, экспрессивтілігінің дәрежесі мен сипатын, мәтінді ұйымдастырудағы тақырыптың рөлін анықтауды қамтиды. Екіншісі орыс тілінде басылымға шығатын газеттер мен журналдардағы ұқсас мәтіндердің тақырыптарын жобалау заңдылықтарын ескере отырып, тақырыптың ақпаратты неғұрлым толық ұсынылуын қарастырған. Тақырыптар жіктеуші, ақпараттандырушы және қызықтырушы болып бөлінеді.

Сондай-ақ, терминдерді аударуға қарсы болушылар қазақ тіліндегі термин сөздердің, әсіресе, соңғы уақыттарда аударылып жатқан терминдердің қолайсыз, қолдануға ыңғайсыз екендігін және оған ешкімнің түсіне бермейтіндігін алға тартады. Бұның арғы жағында шындық бар шығар [3, 234 б.]. Жалпы жаңалықтар аудармасындағы талаптардың бір сарыны терминология болғандықтан қазақ тіліндегі аударма ережесіне сай болуы тиіс. Қандай жағдай болмасын, терминологиялық сөздіктер, қос тілдің аударма сөздіктерінің аударма барысында орынды түрде қолданылатыны еш күмән туғызбайды, және де цифрлы заманда олардың электронды нұсқалары көбірек сұранысқа ие болуда.

Лексикалық, семантикалық, грамматикалық қырынан жаңалықтар топтамасын әзірлеуде барлық тілдік, стилистикалық және мәнмәтіндік нормалар сақталуы тиіс. Жаңалықтар көпшілікке белгілі термин, арнайы сөздер, неологизм, риторикалық құралдардың қолданылуы арқылы халық үшін қолжетімді болуы керек. Қысқарған сөздер, соның ішінде ғылыми-техникалық терминдер, – қазақ тілі табиғатына тән емес құбылыстардың бірі. Бір дауысты, бір дауыссыз болып қысқартылып, айтуға, жазуға оңтайлы болған жағдайда ғана қысқарған сөздер, соның ішінде терминдерді, қолдануға болады.

Қорыта айтқанда, жаңалықтарды аудару - бірнеше мәрте саралау мен мәтіннің толыққанды көрерменге, тыңдарманға не оқырманға сапалы түрде жеткізілуі. Уақыт ағымына қарай ақпараттың халықтың құлағына тез арада жетуі маңызды болып табылады. Сандық-

ақпараттық жүйенің дамуы жаңалықтардың жылдам таралуына септігін тигізді. Алдағы уақытта жаңалықтардың сапалы аудармасы ең мықты болады деп үміттенеміз. Себебі мынада: жаңашыл трансформациялар тек ғаламтор, әлеуметтік желінің айналасында ғана емес, аударма үрдісінде де өз көрінісін тапты. Зерттеу аясында қиындықтардың бірі – аудармашының балама тауып, ақпаратты тұтынушы көрермен, тыңдарман және оқырман алдына сапалы түрде ұсынуында болды. Қатесіз әрі тиянақты түрде аударылған мәтін әрқашан арнаның ғана емес, қазақ тілінің де беделін асырады.

ӘДЕБИЕТ

1. Валеева Н.Г. В Теория перевода: культурно-когнитивный и коммуникативно-функциональный аспекты: Монография. – М.: РУДН, 2010. – 245 с.

2. Алдашева А. Аударматану: Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. - 215-230 б.

3. Әбдірәсілов Е. Терминдерді аудару мәселесі. – Алматы: Palitra press, 2015. – 29-35 б.

4. Тарақов Ә. Термин және оның аударылуы. – Алматы: Palitra press, 2015. – 203 б.

Перевод текстов СМИ с английского и немецкого языков на русский : Электронное учебно-методическое пособие / А. Н. Злобин, А. В. Пузаков. Мордова. мем. ун-т. – Саранск, 2015. – 154-165 б. - <https://www.fld.mrsu.ru/wp-content/uploads/2016/09/Perevod-tekstov-SMI-s-anglijskogo-i-nemeckogo-yazykov-na-russkij.pdf>

Пумпянский А. Л. Введение в практику перевода научной и технической литературы на английский язык / А. Л. Пумпянский. - 2-е изд., доп. - М.: Наука, 1981. - 344 с.;

<https://tass.ru/info/8979501> Ситуация в зоне нагорнокарабахского конфликта 16 шілде 2020, 14:21

<https://www.ktk.kz/kz/newsfeed/article/2020/09/27/159778/> жариялыным уақыты 14:48 27.09.2020

<https://qazaqtv.com/en/news/health/7243-qazvac-vaccine-nears-halfway-point-in-phase-three-clinical-trials>

<https://qazaqtv.com/kk/news/health/7239-otandyk-vaktsina-kashan-koldanyska-enedi>

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

«Мәдениетаралық коммуникация және тілдер мен мәдениеттерді функционалды-прагматикалық зерттеу»

тақырыбында республикалық дөңгелек үстел
15 сәуір, 2021

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

республиканского круглого стола на тему
«Межкультурная коммуникация и функционально-прагматические исследования языков и культур»

15 апреля 2021

REPUBLICAN ROUND TABLE MATERIALS

“Intercultural communication and functional-pragmatic studies of languages and cultures”

April 15, 2021



ISBN 978-601-270-473-0

Директор издательства
Есенгалиева Б.А.

Компьютерная верстка
Ахметова Р.С.

Подписано в печать 28.05.2021.
Формат 60х84 $\frac{1}{16}$, Объем 5,5 п.л.
Печать офсетная. Бумага офсетная.
Заказ № 2019. Тираж 100 экз.



Издательство «Полилингва» КазУМОиМЯ имени Абылай хана
050022, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200
Тел.: +7 (727) 292-03-84, 292-03-85, вн. 21-19
E-mail: kazumo@ablaikhan.kz, ablaikhan@list.ru